

ISSN 2520-2634  
eISSN 2520-2650  
Индекс 75874; 25874

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

«Педагогикалық ғылымдар» сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК КазНУ

Серия «Педагогические науки»

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# JOURNAL

of Educational Sciences

---

№1 (50)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017



# ХАБАРШЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР» СЕРИЯСЫ № 1 (50)

ISSN 2520-2634  
eISSN 2520-2650  
Индекс 75874; 25874



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Күәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Құдайбергенова А.М., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Мыңбаева А.Қ., п.ғ.д., профессор, ғылыми редактор (Қазақстан)

Булатбаева А.А., п.ғ.д., профессор м.а., ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Айтбаева А.Б., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Таубаева Ш.Т., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Алғожаева Н.С., п.ғ.к., профессор м.а. (Қазақстан)

Аринова Б.А., п.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Ахметова Г.К., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Исаева З.А., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Трапицын С.Ю., п.ғ.д., профессор (Ресей)

Тайсум Э., PhD докторы (Ұлыбритания)

Христовозова Г., п.ғ.д., профессор (Болгария)

Римантас Ж., Habil. Dr., профессор (Литва)

Хусейн Х.Б., PhD докторы, профессор (Турция)

Пепа Митева (Pera Miteva), PhD, асс. профессор (Болгария)

Акшалова Б.Н., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Махамбетова Ж.Т., психология магистрі (Қазақстан)

Ғалимова Н.Р., магистрант, техникалық хатшы (Қазақстан)



КАЗАК  
УНИВЕРСИТЕТИ  
Б А С П А У Й І

## Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

## Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

## Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мөлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

## ИБ №10882

Басуға 31.03.2017 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 14.6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс № 2096. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

2016 жылға дейін ISSN 1563-0293

1-бөлім  
**ТАРИХ.**  
**ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ**  
**ӘДІСНАМАСЫ**

---

Раздел 1  
**ИСТОРИЯ.**  
**МЕТОДОЛОГИЯ СОВРЕМЕННОГО**  
**ОБРАЗОВАНИЯ**

---

Section 1  
**HISTORY.**  
**METHODOLOGY**  
**OF MODERN EDUCATION**

Анарбек Н., Әрінова Б.А.,  
Есеєва М.Т.

**Қазақстанда жоғары  
білімнің дамуы: басқаруды  
орталықтандырудан  
институционалды дербестікке  
дейін**

Бұл мақаланың аясында авторлар жоғары білім беру жүйесінің даму кезеңдерінің ерекшеліктеріне – жоғары оқу орындарының институционалды дербестікке көшуі мәселесіне назар аударады. Жоғары оқу орындарын орталықсыздандырудың кезеңдері атап көрсетілген: 1 кезең (20 ғас. басы – 1990 ж.) – білім беруді басқарудың орталықтанған кезеңі; 2 кезең (1991 – 1998 жж.) – жоғары білім беру жүйесінің реформалануы, орталықсыздандыруға өтудің заңнамалық және нормативтік базасы, жоғары оқу орындарын жекешелендіру; 3 кезең (1999 – 2010 жж.) – ҚР жоғары білім беру жүйесін орталықсыздандыруды басқару және қаржыландыру; 4 кезең (2011 ж. – бүгінге дейінгі аралық) – жоғары оқу орындарына институционалды дербестік берілген білім беру мекемелерінің дербестік жүйесін ендіру. Соңғы кезеңді сипаттай отырып, авторлар Қазақстандағы жоғары оқу орындарының институционалды дербестікке көшуінің дамуына толық талдау жасайды.

**Түйін сөздер:** жоғары білім беру, университет, дербестік, жоғары білім беруді басқару.

Anarbek N., Arinova B.A.,  
Eseeva M.T.

**Development of Higher  
Education in Kazakhstan:  
from Centralization Control  
to Institutional Autonomy**

In this article authors want to pay attention to features of a new stage of development of system of the higher education – transition of higher education institutions to the mode of institutional autonomy. In article the historical overview is carried out and stages of decentralization of system of the higher education are allocated: 1 stage (early 20th century–1990) – a stage of centralized management of education; the 2nd stage (1991 – 1998) – reforming of system of the higher education, formation of the legislative and regulatory base of transition to decentralization, privatization of higher education institutions; 3rd stage (1999 – 2010) – decentralization of management and financing of the higher education of RK; the 4th stage (2011 – till present) – implementation of system of autonomous organizations of education, provision of institutional autonomy to higher education institutions. Characterizing the last stage, authors of article carried out primary analysis of development of forms of institutional autonomy in the higher education institutions of Kazakhstan. It is known the foundation of the development of the national higher education system is the resolution of this question because since 2015 it is granted autonomy to national research universities, since 2016 – to the national higher educational institutions, and since 2018 – to the rest of the higher education institutions. We want to note that process of decentralization of the higher education already began from the first days of acquisition of independence, the functioning of higher education institution as autonomous organization is a logical conclusion of this process.

**Key words:** higher education, autonomy, university, the management of the University.

Анарбек Н., Аринова Б.А.,  
Есеєва М.Т.

**Развитие системы высшего  
образования Казахстана:  
от централизации управления к  
институциональной автономии**

В статье авторы выявили особенности нового этапа развития системы высшего образования – переход вузов в режим институциональной автономии, провели исторический обзор и выделили этапы децентрализации системы высшего образования Казахстана: 1 этап (нач. 20 в. – 1990 г.) – этап централизованного управления образованием; 2 этап (1991 – 1998 гг.) – реформирование системы высшего образования, становление законодательной и нормативной базы перехода к децентрализации, приватизация вузов; 3 этап (1999 – 2010 гг.) – децентрализация управления и финансирования высшего образования РК; 4 этап (2011 г. – по настоящее время) – внедрение системы автономных учреждений образования, предоставление институциональной автономии вузам. Характеризуя последний этап, авторами статьи проведен первичный анализ развития форм институциональной автономии в казахстанских вузах. Как известно, для развития отечественной системы высшего образования краеугольным камнем является разрешение данного вопроса, так как уже с 2015 года автономия предоставлена национальным исследовательским университетам, с 2016 г. – национальным высшим учебным заведениям, а с 2018 года – остальным высшим учебным заведениям. Отмечено, что процесс децентрализации высшего образования начался с первых дней приобретения независимости, логическим завершением названного процесса является функционирование вуза как автономной организации.

**Ключевые слова:** высшее образование, университет, автономность, управление вузом.

**ҚАЗАҚСТАНДА  
ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ  
ДАМУЫ: БАСҚАРУДЫ  
ОРТАЛЫҚТАНДЫ-  
РУДАН  
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ  
ДЕРБЕСТІККЕ ДЕЙІН**

**Кіріспе**

Зерттеудің өзектілігі жоғары білім беру сапасын арттырудың маңыздылығымен анықталады. Жоғары білім беруді басқаруды орталықсыздандыру және жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігін кеңейту жоғары білім берудің сапасын арттырудың бір жолы болып табылады. Жоғары оқу орындарына үлкен еркіндіктің берілуі және мемлекет тарапынан бақылаудың азайтылуы Қазақстанның 2010 жылдың наурыз айында қосылған Болон процесімен мақұлданады. Жоғары оқу орындарының дербестігі «Жаппай хартиядан бастап Болон процесіне қатысты барлық құжаттарда негізі салынған ұстанымдардың біріне» [1] жатады. Қазіргі уақытта Қазақстандағы жоғары білімнің дамуы жоғары оқу орындарының автономдық жүйеге өтуінің жаңа кезеңінде тұр. Соңғы жылдардағы зерттеулерде дербестіктің әлемдік деңгейдегі университеттердің дамуындағы маңыздылығы атап көрсетіледі.

Зерттеудің негізгі тұжырымында дербестік пен бәсекелестіктің бір арнада болуы инновацияның дамуына мүмкіндік әкелетіне туралы дәйектеледі. Қазақстандық жоғары білім беру мәселесімен көптеген ғалымдар айналысады. Бұл саланың әлеуметтік сферасына А.А. Әбішев, С.А. Абдыманапов, Е.Б. Аймағамбетов, Р.А. Алшанов, Е.М. Арын, Г.Н. Гамарник, Л.Я. Гуревич, Б.К. Дамитов, Т.О. Балықбаев, Ш.М. Каланова, Н.К. Мамыров, К.Н. Нәрібаев, Ғ.М. Мұтанов, Г.К. Ахметова, А.Қ. Мынбаева сияқты отандық ғалымдар үлкен үлес қосуда.

**Зерттеудің мақсаты** – отандық білім беру жүйесіндегі нормативтік құжаттарды талдау арқылы Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін орталықсыздандырудың кезеңдерін ашып көрсету, тарихи шолу жасау, қазіргі заманауи жоғары оқу орындарының институционалды дербестігінің даму формалары мен ерекшеліктерін анықтау және жоғары оқу орындарының дербестікке көшуін негіздеу.

Тәуелсіздік жылдардағы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін реформалаудың дәстүрлі кезеңдерін шартты түрде төмендегідей қарастырады:

**Бірінші кезең** (1991 – 1994 жылдар) – жоғары білім беру жүйесінің заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасының қалыптасуы.

**Екінші кезең** (1995 жылдар) – жоғары білім беруді модернизациялаудың басталуы.

**Үшінші кезең** (1999-дан қазіргі уақытқа дейін) – жоғары білім беруді басқаруды және қаржыландыруды орталықсыздандыру, жоғары оқу орындарында академиялық еркіндікті кеңейту [2].

### Зерттеу әдіснамасы мен әдістері

Зерттеуде жүйелілік, тарихи-педагогикалық, теориялық-салыстырмалы тұрғылар қолданылған. Білім беру жүйесінің тарихын дәуірлеуді әдіснамалық тұрғыдағы мәселе екендігін атап өткіміз келеді. Ғалымдар дәуірлеудің әртүрлі кезеңдерін, уақыттарын, ұстанымдарын және өлшемдерін ұсынды. Дей тұрғанмен, білім беру жүйесін дәуірлеуде ғалымдардың пікірлері бір арнаға тоғыспады. Мұны дәуірлеудің өз кезегінен бұрын басталғандығымен түсіндіруге болады [3].

Нақты тарихи-педагогикалық үдерістерді зерттеу кезеңдерді анықтауға мүмкіндік береді. Кез келген тарихи ғылымда ғылыми дәуірлеу тарихты зерттеудің бастамасы емес, керісінше оны оқып үйренудің нәтижесі болып табылатынын естен шығармауымыз керек.

**Теориялық әдістер:** педагогикалық құбылыстар мен оқиғаларды тарихи талдау әдісі, ҚР жоғары білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды талдау, зерттеліп отырған мәселенің себеп-салдарын талдау әдісі.

**Практикалық әдістер:** институционалды дербестіктің (бақылау, әңгімелесу, сұқбаттасу, жоғары оқу орнының қызметтік өнімдері мен құжаттарын талдау) шынайы даму формаларын оқып үйрену; салыстырмалы талдау, жинақтау, қорыту.

### Нәтижелері

#### ҚР жоғары білім беруді орталықсыздандыру кезеңдері

Қазақстандағы жоғары білім беруді орталықсыздандыру кезеңдерін анықтау біздің зерттеуіміздің негізгі міндеті болып саналады. Орталықсыздандырудың басты міндетіне бір жағынан, білім беруді рационалды негізде басқару процесін, екінші жағынан – жергілікті басқару органдары және білім беру мекемелерінен туындайтын бірыңғай жалпы мемлекеттік білім беру стратегиялары мен саясатын, сондай-ақ білім берудің еркіндік деңгейін көтеру мен позитивті бастамаларды табысты жүзеге асыруға мүмкін-

дік беретін мемлекеттік қолдаудың өлшемдерін атап көрсеткіміз келеді [4].

Отандық жоғары білім беру жүйесінің заңнамалық-нормативтік базасына, теориясы мен практикасына жасалған талдаулар бойынша 4 кезеңді бөліп көрсетуге болады:

*1 кезең (20 ғас. басы – 1990 ж.)* – білім беруді басқарудың орталықтанған кезеңі. Халыққа білім берудің Кеңестік кезеңі білім беруді басқарудың орталықтанған жүйесінің нақты көрінісімен сипатталады.

Жоғары білім беруді КСРО Жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігі басқарды, сонымен қатар оның құрамында жоғары мектеп бойынша оқу-тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жақсарту мақсатында ғылыми негізделген ұсыныстарды; мамандарды дайындау мәселесінің болашақ жоспарын; ғылыми-педагог мамандардың кәсібилігін арттыруды дайындайтын Кеңес құрылды.

Жоғары оқу орындарын басқаруды негізінен кеңестік республикалардың жоғары және орта арнаулы білім беру министрліктері, сол сияқты олардың қарамағындағы салалық министрліктер мен ведомстволар жүзеге асырды. Әр жоғары оқу орнының КСРО жоғары оқу орындарының Ережелерінің негізінде жасалған және министрлік немесе ведомстволармен, сондай-ақ ішкі тәртіп ережелерімен бекітілген өз жарғылары болды.

*2 кезең (1991 – 1998 жж.)* – жоғары білім беру жүйесінің реформалануы, орталықсыздандыруға өтудің заңнамалық және нормативтік базасы, жоғары оқу орындарын жекешелендіру. Бұл кезеңде 1992 жылы ҚР «Білім туралы» Заңы қабылданды. Мұнда білім беру саласындағы мемлекеттік ұстанымдардан басқа жекеменшік жоғары оқу орындарын ашуға мүмкіндік беретін «білім беру мекемелерін меншіктік түріне қарай көптүрлендіру» қағидасы бар [5]. Осы қағидаға сәйкес бірқатар жекеменшік университеттері: 1991 жылы «Қайнар» университеті, 1992 жылы «Тұран» университеті, 1992 жылы «Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар» (ҚҚХК) институты ашылды. Бүгінгі таңда ҚҚХК кәсіби мамандарды дайындауда алдына қойған міндеттерін орындауды, ғылыми және оқу құрылымын анықтауды, материалдық-техникалық базасын жасауды, қаржылық құралдарын пайдалануды өзбетінше жүзеге асырады. Оқу жоспары мен бағдарламалары мемлекеттік стандартқа сәйкес келеді және ҚҚХК бітірушілер мемлекеттік үлгідегі дипломдарға ие болады.

Жекеменшіктік жоғары оқу орындарының арасында мемлекеттік жоғары оқу орындары

сияқты өзбетінше оқу үдерісін ұйымдастыруға, мамандарды таңдап тағайындауға, қаржылық мәселелерді шешуге еркіндік берілген. Мұның бәрі жоғары оқу орындарының әуелден-ақ оқу-тәрбие жұмыстарын өзбетінше ұйымдастыруға хақы бар екендігін көрсетеді.

Аталған заңның 17 бабында жоғары оқу орындарына дербестік мәртебесінің берілетіндігі туралы айтылады. Мәселен, 1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (ҚазМУ) дербестік мәртебесіне ие болды.

Жоғары оқу орындарын акционерлеу жоғары білім беруді реформалаудың маңызды бөлігі болып табылады. 1995 жылдың 25 желтоқсанында жоғары оқу орындарын акционерлеуді қарастыратын ҚР Президентінің «Жекешелендіру туралы» Жарлығы шықты. 1997 жылдың бірінші жартыжылдығында Қарағанды металлургиялық, Рудный индустриалды және Алматы технологиялық институтын мемлекеттіктен ажырату туралы қаулыға қол қойылды. 1997 жылы сонымен қатар мемлекеттік емес қатарға Алматы энергетикалық институты да қосылды [6]. Бұдан кейін Қазақ бас архитектуралық-құрылыс академиясы, Қазақ транспорт және коммуникация академиясы және Азаматтық авация академиясы акционерлендірілді. 2008 жылға қарай Қазақстанда 14 акционерлік жоғары оқу орны болды.

*3 кезең (1999 – 2010 жж.)* – ҚР жоғары білім беру жүйесін орталықсыздандыруды басқару және қаржыландыру.

1999 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» жаңа Заңы қабылданды. Бұл Заңда мемлекеттің білім беру саласындағы саясатының қағидаларының ішінде білім беру мекемелерін меншіктік түріне қарай өзгешелендіру қағидасы сақталды. Сол сияқты білім беру ұйымдарының академиялық еркіндігін және өкілеттілігін кеңейту туралы жаңа қағида атап көрсетілді. 8-бапта көрсетілген білім беру ұйымдарының дербес және өзбетінше әрекет етуін кеңейту, демократияландыру және орталықсыздандыруды басқару мәселелері білім беру жүйесінің міндеттері ретінде белгіленді [7].

1992 жылы ҚМЭБИ құрылды, ол 2001 жылы Орталық Азиядағы барлық институттардың бағдарламалап оқытуындағы пәндерді және оқытушыларды таңдауда қолжетімділік қарастырылған американдық кредиттік білім беру жүйесін ендірген бірінші жоғары оқу орны болды.

Аталған заңның 43-бабында мемлекеттік емес білім беру ұйымдарының мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орындауға қатыса алатындығы туралы айтылады. 1999 жылдың

20 шілдесінде «ҚР Білім туралы Заңды жүзеге асыру туралы іс-шаралар жоспары» атты ҚР Үкіметінің қаулысы қабылданды. Осыған орай «Қазақстан Республикасында білім беру мәселесіне өзгерістер енгізу және толықтырулар дайындау» бойынша Қазақстан Республикасында жоба және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28 қаулысы дайындалды, олардың 13 жоғары білім беру жүйесіне арналды. 1991 жылдан бастап 2002 жылға дейін жоғары оқу орындарының қызметін регламенттайтын 70-тен астам маңызды нормативтік құжаттар қабылданды [8]. 2000 жылдың 30 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Білім» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен республикамыздың жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың жаңа қағидаларына көшу қажеттілігі бойынша 1999 жылдың 24 сәуіріндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 464 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоғары оқу орындарында студент контингентінің жаңа моделін қалыптастыру» туралы қаулысы дайындалып бекітілді [8].

Жаңа модельдің мәні әр мамандық бойынша емтихан қабылдау елімізде оқуға түсуші барлық абитуриент талапкерлерден бірыңғай тәуелсіз органда қабылдануымен ерекшеленді. 1999 жылдан бастап жоғары оқу орындарында студент контингентінің жаңа моделін қалыптастыру бұл абитуриент талапкерлерге конкурс бойынша мемлекеттік білім беру гранттары мен мемлекеттік білім беру кредиттерін беру арқылы қолданысқа енді.

2007 жылғы «Білім туралы» Заңда оқуға қабылдау үшін өзбетінше ереже, талаптар анықтау, білім беру оқу бағдарламаларын жасау, ғылыми және әдістемелік жұмыстарда нормативтер мен нормаларды қолдану, сонымен қатар білім алғандығы туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды беруді анықтауға құқық беретін «білім беру ұйымдарының ерекше мәртебесі» түсінігі ендірілді. Анықтамаларға сәйкес мұндай ерекше мәртебеге ұлттық жоғары оқу орындары иеленеді.

Заңда ерекше мәртебеге ие білім беру ұйымдарының білім алғандығы туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды бере алатыны, бірыңғай ұлттық тестілеуді қолданбай оқуға құжат қабылдау үшін өзгерістер ендіре алатыны жөнінде айтылады. Мұның айқын көрінісі ретінде бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижесінсіз қабылдайтын Назарбаев университетін атауға болады.

4 кезең (2011 ж. – бүгінге дейінгі аралық) – жоғары оқу орындарына институционалды дербестік берілген білім беру мекемелерінің дербестік жүйесін ендіру.

Қазіргі уақытта білім берудің барлық деңгейлерінде және барлық бағдарламалық құжаттарда жоғары оқу орындарына дербестіктің берілуі жоғары білім берудің әлеуметтік тиімділігінің негізгі бір шарты екендігі мойындалған. Осы тақырыпқа арналған ресми құжаттардың ішінде ҚР Президентінің бекітуімен жарияланған «Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын атап көрсетуге болады, онда отандық жоғары оқу орындарының институционалды дербестігінің даму стратегиялары туралы толық айтылады: «Жоғары оқу орындарына кезең-кезеңімен академиялық еркіндік беру мәселесі бірінші кезекте халықаралық аккредитациядан өткендерге беріледі... Жоғары оқу орындарының академиялық, басқарушылық және қаржыландыру дербестігін кезеңдер арқылы кеңейтудің қағидалары енгізіледі, сонымен қатар жоғары оқу орындарының эндаумент-қорын қалыптастырудың механизмдері жасалады... Басқару органдарының корпоративтерін құруды қарастыру үшін жоғары оқу орындарын коммерциялық емес ұйымдарға трансформациялау жүзеге асады. Жоғары оқу орындарының білім беру сапасы бойынша қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін арттыру шаралары қарастырылады. Дербестік жағдайындағы жоғары оқу орындарының қызметінің нәтижелілігін, шығындарының тиімділігін бағалаудың әдістемесі жасалады». [9].

2011 жылы субъектілердің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтерінің құқықтары мен міндеттерін жүйелеу, соның ішінде жоғары оқу орындарының қызметін реттеу туралы ҚР «Ғылым туралы» Заңы қабылданды. Н.Ә. Назарбаев «біз дербестік беріп отырған жоғары оқу орындары өздерінің оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектеліп қалмауы тиіс, олар сонымен қатар ғылыми-зерттеушілік қызметті де белсенді дамытуға атсалысуы керек» деп атап көрсеткен [10].

Әрине, ғылыми айналымда және жоғары оқу орындарын басқару органдарында «институционалды дербестік» түсінігінің детерминациясы бойынша пікірталастар жүріп жатыр. БЖҒМ «Ақпараттық-аналитикалық талдау» АҚ орталығының және «Жоғары білім берудің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру механизмдерін жасау» аналитикалық шолуларына сәйкес институци-

оналды дербестіктің негізгі үш түрі бөліп көрсетіледі: басқару, академиялық және қаржылық.

Жоғары оқу орындарын *басқару дербестігі* олардың басқару органы құрамына сыртқы мүшелерді өзбетінше тандап ендіре алуға; ішкі құрылымдық жүйені (мектеп, факультеттер, кафедралар, институттар және т.б) қалыптастыруға; заңды тұлғаларды құруға; қызметке тандап алу және қызметтен босату үшін критерийлер дайындауға; жоғары лауазымды қызметтегі тұлғаларды (басқару құрамы) тағайындау мерзімін анықтауға; кадрларды (қызметтік талаптарды бекіту, таңдау өлшемдері, еңбекақы, қызметкерлердің жұмыстан босатылуы және жоғарылап өсуі) таңдауға және бөлуге құзырлы екендігін атап айтуға болады [11].

Бұл шолуда жоғары оқу орындарының *қаржылық дербестігі* олардың: мемлекеттік қаржыландыру қорларының кіріс-шығысын қалыптастыру және сақтау; оқу төлемақысын анықтау; қаржылық нарықта (құнды қағаздар нарығы) ссудалар алу және инвестициялау; облигациялар мен акциялар шығару; жылжымайтын мүліктің меншіктік құқығы иелену мүмкіндіктерімен анықталады.

*Академиялық дербестік* жоғары оқу орындарының студенттік контингентке байланысты өз бетінше шешім қабылдау, академиялық бағдарламаларды жасау, сонымен қатар оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мен бақылау механизмдерін жасау мүмкіндіктерімен анықталады [11].

1-кестеде Қазақстандағы жоғары оқу орындарының аталған үш форма негізінде институционалды дербестенуінің дамуы бойынша жасалған алғашқы талдаулары берілген.

Назарбаев университетін қаржыландыру көздерінің мемлекеттік бюджеттен алынуы қаржылық дербестіктің дамуының төмендігін көрсетеді.

### Талқылау

Алайда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды біртіндеп азайту қажыландырудың басқа көздерінен НУ эндаумент қоры, халықаралық және қазақстандық ғылыми гранттар, сол сияқты оқуға төленетін ақыға сәйкес болуы мүмкін деп күтілуде. Ал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қаржыландыру көздері мемлекеттік бюджеттен, сондай-ақ бюджеттен тыс қаржылар, мемлекеттік-меншіктік серіктестік, ғылыми-зерттеушілік қызметтен қарастырылады.



1-кесте – ҚР жоғары оқу орындарының институционалды дербестенуінің даму формалары

Институционалды дербестенуінің формалары	Өлшемдері, көрсеткіштері	Жоғары оқу орындары
1	2	3
Академиялық	<p>Жалпы нормалар (өлшемдер, ережелер) университетке түсу;</p> <p>Абитуриенттердің университетке түсу квоталарынан (талапкерлер) айрылған аймақтар;</p> <p>Оқыту әдістері мен тәсілдері және емтихан өткізу түрлері; Оқыту тілі;</p> <p>Білім беру саласының оқу бағдарламалары</p>	<p>2010 жылдан бастап қазақстандық мектеп және колледж бітірушілердің бакалавриат бағдарламасы бойынша әрі қарай білім алу үшін Назарбаев университетінің Дайындау орталығындағы университет алды даярлық бағдарламасына түсуге мүмкіндіктері бар.</p> <p>Университеттің Мектеп бакалавриат бағдарламасына түсу конкурстік негізде жүзеге асады.</p> <p>Халықаралық пәндер олимпиадасының жеңімпаздары ретіндегі кандидаттар оқуға түсу үшін IELTS және TOEFL бойынша жүргізілген интервьюден кейін қабылданады.</p> <p>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ халықаралық деңгейдегі білім беру бағдарламаларын өзбетінше жасайды және оқытудың әдіс-тәсілдерін, түрлерін анықтай алады.</p> <p>Қазақ және орыс бөлімдерінде оқитын студенттердің кейбір кәсіби пәндерді ағылшын тілінде оқуға мүмкіндіктері бар.</p> <p>Назарбаев Университеті өзбетінше білім беру бағдарламаларын дайындайды, білім беру қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайды, оқуға қабылдау, оқу үлгерімінің ағымдағы бақылауын тексеру, аралық және қорытынды аттестациялауды жүргізеді.</p> <p>Ағылшын тілі негізгі оқыту тілі болып саналады.</p> <p>Университет мелекеттік тілде оқытуды қамтамасыз етеді.</p>
	<p>Магистратура, Phd докторантура дәрежесін ұйымдастыру мүмкіндігі бар;</p> <p>Жариялануға және басылымға (санкциялы) рұқсаты бар.</p>	<p>ҚазҰУ магистратурасының білім беру бағдарламасы халықаралық аккредитациялау агенттіктерінің аккредитациясынан өткен.</p> <p>Ағылшын тілінде оқитын топтар бар.</p> <p>2010-2011 оқу жылынан бастап ҚазҰУ магистранттары екі дипломды білім беру бағдарламасы бойынша, соның ішінде ТМД және ШБҰ елдерінің Желілік университеттерінде оқи алады.</p> <p>Университетте докторантура бойынша білім беру бағдарламасын орындау ғылым және білім берудегі жетекші шетелдік ұйымдармен тығыз байланыс жасау арқылы жүзеге асады.</p> <p>Назарбаев Университетінде әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану ғылыми бағытындағы білім беру бағдарламалары орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру арқылы жүзеге асады.</p> <p>Магистрлік және докторлық диссертацияларды қорғау үшін отандық және шетелдік басылымдардағы жарияланымдар болуы тиіс.</p>
Қаржылық	<p>Университет бюджеті</p> <p>Кіріс алу бойынша қызметті бекіту</p> <p>Негізгі капиталды бекіту</p> <p>Шәкіртақы деңгейі</p> <p>Студенттерге қаржылық көмек</p>	<p>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қаржыландыру көздері 2011-2014 жылдары республикалық бюджеттің 65%, бюджеттен тыс құралдардың – 19 %, мемлекеттік-жеке серіктестіктен – 3%, ғылыми-зерттеу қызметінен – 13%-ті құрайды.</p> <p>Көру және есту қабілеті бойынша кемтарлар, жетім балалар, әке-шешесінің қамқорлығынсыз қалған балалар және (басқа қамқорлығындағы) және емтихан сессиясының нәтижелері тек «өте жақсы» деген баға алған студенттер мен магистранттар ғана мемлекеттік жоғары шәкіртақы алуға құқылы.</p> <p>Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ қаржыландыру көздері: республикалық бюджет; жергілікті бюджет; мамандарды дайындауға қатысты бюджеттен тыс қаржылар; ақылы қызметтер көрсету.</p> <p>ҚМЭБИ шәкіртақы және жеңілдіктерді студенттің академиялық оқу үлгерімі және материалдық жағдайына қарай ұсынады. ҚМЭБИ мынадай шәкіртақы тағайындайды: бірінші курс студенттері үшін; ҚМЭБИ оқитын студенттер үшін; «оқу-жұмыс» бағдарламасы бойынша оқитындарға, зейнеткер балалар; толық емес отбасындағы балалар; жетімдер; бір отбасының балалары.</p>

Институционалды дербестенуінің формалары	Өлшемдері, көрсеткіштері	Жоғары оқу орындары
1	2	3
Басқарушылық	Университет ректорын тағайындау; Университет ректоры қызметінен босату; Оқу кеңесінің мүшелерін сайлау және босату	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ректорларын тағайындау және орнынан босату ҚР Президентінің Жарлығымен орындалады. Оқу кеңесінің мүшелерін тағайындау және орнынан босату университет ректорының бұйрығымен орындалады.
	Университеттің қамқоршылар кеңесіне мүшелікке сайлау Университеттің Қамқоршылар кеңесінің жұмысын бақылау Университет кеңесінің мүшелігі Университет кеңесін бақылау	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу кеңесі кеңес беру – ақылдасу органы болып табылады. Корпоративтік басқару ендірілген: бақылау кеңесі құрылған. Барлық университеттерде ерекше мәртебемен Қамқоршылар кеңесі, Оқу кеңесі коллегиялы басқарудың басқа түрлері де қызмет етеді. Назарбаев Университетінің Жоғары қамқорлық кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен жұмыс істейді. Басқару кеңесі, сол сияқты профессор-оқытушылар сенаты құрылған. Е.А. Бөкетов атындағы Бақылау кеңесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Т. Балықбаевтың бұйрығымен құрылған.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ қаржыландыру көздері республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттен, бюджеттен тыс қаржылардан, мамандарды дайындаудан, ақылы қызмет көрсетуден түскен қаржыдан алынады. Бұл мәліметтерге орай соңғы көрсетілген екі жоғары оқу орнының қаржылық дербестігі шамамен 35-40%-ке сәйкес келеді.

1-кестеден көріп отырғанымыздай, жоғары оқу орындарын басқару қызметі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оқу кеңесі, Назарбаев Университетінің Жоғары қамқорлық кеңесі және Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ Оқу кеңесімен жүзеге асырылады. Бұл ҚР жоғары оқу орындарында біртіндеп басқару дербестігінің дамып келе жатқандығын көрсетеді.

Бұдан әрі жоғары оқу орнының институционалды басқаруға көшу жағдайында академиялық, қаржылық және басқарушылық дербестіктің болуы шарт деген тұжырым жасауға болады.

Дегенмен, Қазақстанда әлі де жоғары оқу орнының толық институционалды дербестікке көшуінің жүйесі жасалған жоқ деп айтуымызға болады.

Егер, бір университетте академиялық және басқарушылық дербестік басым болса, онда қаржылық дербестік төменгі көрсеткішке ие, яғни қаржыландыру мемлекет есебінен жүзе-

ге асады, сол сияқты керісінше, егер қаржылық дербестік мемлекеттік емес қаржы көздерінен орташа көрсеткішке жетсе, онда жоғары оқу орнын басқаруда Қамқорлық кеңесі заңнамалық өзгертулерге орай кейбір мүмкіндіктерінен айырылып қалады.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, жоғары оқу орындарын дербестендіруді табысты дамыту үшін жоғары оқу орындарына мемлекеттік бақылауды реттеуді жоғары оқу орындарында коллегиялы басқару жүйесін ендіру мен реттеудің қажеттігі байқалды.

Сондықтан қамқорлық кеңесінің рөлін күшейтуді және Оқу кеңесі, Қамқорлық кеңесі және ректордың басқару агенттіктері арасындағы құзырлығын нақтылаудың тиімді болатынына көз жеткізуге болады.

Сонымен қатар жоғары оқу орындарының мемлекеттен бөлектенуі оларға қаржыландыруды өзбетінше жоспарлауға үлкен мүмкіндік тұғызар еді. Қаржыландыру көздерінің тұрақтылығы жоғары оқу орындарының өзін-өзі басқара алуының шарты болып саналады, ал ол үшін мақсатты тұтас капитал, Қазақстанның жоғары оқу орындарында эндаумент қорларын жасау қажеттілігі сөзсіз.

### Әдебиеттер

- 1 Давыдов Ю. Болон үдерісі. Миф әлде шындық?// Ресейдегі жоғары білім беру. – 2005. – № 10. – 6-бет.
- 2 Қазақстандағы жоғары білім беру. РҚАО рейтингтік аналитикалық қызметі – Алматы, 2012. –18 б. <http://www.rfcaratings.kz/reports/Education.pdf>
- 3 Игібаева А.К. Қазақстандық білім беру жүйесінің қалыптасуы: кезеңдену мәселесі және дамуы /мақалаға сілтеме:<http://articlekz.com/node/2363>
- 4 Кәсіби білім беру. Сөздік. Кілттік ұғымдар, терминдер, өзекті лексика / С.М. Вишнякова. — М.: НМЦ СПО,1999.
- 5 Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» № 1153-ХІІ. – 18 қаңтар 1992 ж. – Алматы, 1992.
- 6 Ерниязова Ж. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін реформалау //Қазақстан жоғары мектебі. – 2004, – №4. – 36-42 б.
- 7 Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» 7 маусым 1999 жыл. – Алматы, 2001.
- Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы // [edu.gov.kz](http://edu.gov.kz)
- 9 Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205>
- 10 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауы. 14 желтоқсан, 2012. // [http://www.akorda.kz/ru/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii-](http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii-)
- 11 Жоғары білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру механизмдерін жасау. Аналитикалық шолу. АҚ «Ақпараттық-аналитикалық орталық». – Астана, 2012. – 308 б.

### References

- 1 Davydov, Yu (2005). The Bologna Process. Myth or reality? Higher education in Russia, 10, 6-13.
- 2 Higher education in Kazakhstan. Analytical service of the rating agency RFCA. – Almaty, 2012. – P. 18 <http://www.rfcaratings.kz/reports/Education.pdf>
- 3 Igbayeva A.K. Problems of periodization, stages of formation and development of the educational system of Kazakhstan / Link to the article: <http://articlekz.com/node/2363>
- 4 Vishnyakova, S.M. (1999). Professional education. Dictionary. Key terms, terms, current vocabulary. М.: NMC SPO.
- 5 Law of the Republic of Kazakhstan of January 18, 1992, No. 1153-XII «On Education». А., 1993
- 6 Erniyazova, J. (2004). Reforming in the field of the education system of the Republic of Kazakhstan. High School of Kazakhstan, 4, 36-42.
- 7 Law of the Republic of Kazakhstan of June 7, 1999 «On Education». А., 2001
- 8 The Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan // [edu.gov.kz](http://edu.gov.kz)
- 9 The State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205>
- 10 Message of the President of the Republic of Kazakhstan – Leader of the Nation of Nursultan Nazarbayev to the People of Kazakhstan «Strategy» Kazakhstan-2050 «: a new political course of the state» December 14, 2012 // [http://www.akorda.kz/ru/events/astana\\_kazakhstan/Participation\\_in\\_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii-](http://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/Participation_in_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii-)
- 11 Analytical review «Development of mechanisms to improve the competitiveness of higher education.» – JSC «Information and Analytical Center», Astana, 2012.

Mukasheva A.  
**Foundation of System of Musical  
Education in Kazakhstan:  
Historical Aspect**

This article describes the history of formation and development of music education in Kazakhstan. Based on historical data, the author presented the main aspects of the development of music education, since music schools—third graders from the Conservatory named after Kurmangazy. Also, in the article are asked the questions of professional training in music schools. In particular, it is noted that the system of mass musical education, a significant place belongs to the children music schools, which are associated with additional education. Citing the example that in Kazakhstan there are two types of music schools: children’s music school—seven years (elementary music education) and average eleven-year special music school (the initial stage in the preparation of professional musicians and experts in music). It is argued that music education at music school focused on mastery of a specific set of knowledge, skills and abilities required for the performance of music or any other active musical activities, at the same time, it includes the development of playing a musical instrument, ear training through special exercises, the acquisition of some theoretical and historical knowledge about music and musical culture of different countries.

**Key words:** musical education, musical culture, music school, music career, music-making.

Мұқашева А.  
**Қазақстанда музыкалық  
білім берудің негіздері:  
тарихи аспект**

Мақалада Қазақстандағы музыкалық білім берудің қалыптасуы мен даму тарихынан үзінді беріледі. Автор құжаттарға сүйене отырып жетіжылдық музыкалық мектептерден бастап Құрманғазы атындағы консерваторияға дейін білім беру жүйесін талдайды. Музыкалық мектептерге білікті маман дайындау мәселесі де мақалада кең таралған. Сондай-ақ, жаппай музыкалық білім беру мен тәрбие жүйесінде қосымша білім берумен байланысты айрықша орында балалар музыкалық мектебі алатыны атап көрсетіледі. Қазақстанда музыкалық мектептердің екі типі бар екендігі мысалға келтіріледі: балаларға арналған музыкалық мектептер – жеті жасарлар (бастапқы музыкалық білім) және он бір жылдық орта арнайы музыкалық мектептер (музыка саласында кәсіби музыканттар мен мамандарды даярлаудағы бастапқы кезең). Музыкалық мектептердегі музыкалық білім музыканы орындау үшін қажет нақты білім, білік және дағдылар жиынтығын меңгеруге бағытталатыны, сонымен қатар, ол өзіне музыкалық аспаптарда ойнауды игеруді, арнайы жаттығулар жүйесі арқылы естуді дамытуды, түрлі елдердегі музыкалық мәдениет пен музыка жайлы кейбір теориялық және тарихи білімдерді меңгеруді кіріктіретіні нақтыланады.

**Түйін сөздер:** музыкалық білім, музыкалық мәдениет, музыкалық мектеп, музыкалық әрекет, музыка ойнау.

Мукашева А.  
**Основы системы  
музыкального образования  
в Казахстане: исторический  
аспект**

В статье рассмотрена история становления и развития музыкального образования в Казахстане. Опираясь на архивные данные, автор представил основные моменты развития музыкального образования, начиная с музыкальных школ—семилеток до консерватории имени Курмангазы. Также в статье рассматриваются вопросы подготовки профессиональных кадров для музыкальных школ. Отмечается, что в системе массового музыкального образования и воспитания значительное место принадлежит детским музыкальным школам, которые связаны с дополнительным образованием. Приводится в пример, что в Казахстане существует два типа музыкальных школ: детские музыкальные школы—семилетки (начальное музыкальное образование) и средние специальные музыкальные одиннадцатилетние школы (начальный этап в подготовке профессиональных музыкантов и специалистов в области музыки). Утверждается, что образование в музыкальной школе направлено на овладение определенным набором знаний, умений и навыков, необходимых для исполнения музыки или любой другой активной музыкальной деятельности. В то же время, оно включает в себя освоение игры на музыкальном инструменте, развитие слуха через систему специальных упражнений, приобретение некоторых теоретических и исторических знаний о музыке и музыкальной культуре различных стран.

**Ключевые слова:** музыкальное образование, музыкальная культура, музыкальная школа, музыкальная деятельность, музицирование.

**FOUNDATION OF  
SYSTEM OF MUSICAL  
EDUCATION IN  
KAZAKHSTAN:  
HISTORICAL ASPECT****Introduction**

In the system of mass musical education, a significant place belongs to the children seven-year-olds- music-schools who belong to out-of-school institutions. Since the beginning of the formation of music upbringing and education of students in Kazakhstan great importance is paid to the organization and development of music schools, as they are the foundation of the system of music and aesthetic education.

In his article «On the problem of studying the auditory control in teaching music education» L.T. Kaliakbarova notes that «music education has become widespread in the world today ... in many highly developed countries it is recognized nation-wide affair, aimed at the formation of the creative potential of the society» [1, p.131].

In Kazakhstan, as you know, there are two types of music schools. They are children's music seven-year school in which students received initial music education, and secondary special music eleven-year school, which is the initial step in the training of professional musicians and specialists in the field of music.

Music education at a music school is a complex of knowledge, skills and abilities required for the performance of music or for any other active musical activities. For independent Amateur musicians, participation in the Amateur is a sufficient amount of education that gives its initial level. Such education can be obtained in the course of specially organized training in children's music seven-year schools.

Music education in music schools also includes mastering playing a musical instrument, hearing development through the system of special exercises, the acquisition of some theoretical and historical knowledge of the art of music and the music culture of different countries.

In all types of music schools music education is not universal and compulsory. It is designed for those students who have the necessary skills and are willing to make music.

In the children's music schools, for example, students receive only elementary music education. Having finished seven-years-music-school, many graduates choose other professions, but among them there are those who continue their education at music colleges, and after that in high schools. In other words, there is no question

of compulsory music professionalization raised to the pupils of seven-year music school, as they are enrolled in different schools at the same time.

In the middle special school of music took musically gifted children, and they were from elementary and middle managers in the preparation of professional musicians. In them, students studied for 11 years, that is, the first 5-7 years they received initial musical education for 4 years already enrolled in the program of musical school. Career education in these schools was carried out in parallel with General secondary education. At the end of secondary special music schools, graduates received a certificate which gave them the right to work as a teachers in a particular specialty in children's music schools-the seven-year-olds, orchestras, etc.

### Methods and materials

As methods were used theoretical methods, such as historical analysis, analysis of art, musical and educational literature; examined normative-legislative documents and archival materials. The analysis of publications on the topic of musical education.

### A review of the literature

In the reference «About the republican secondary music schools,» it is said that «Republican secondary specialized music schools are professional schools for musically-gifted children and aim to train musicians for entering higher music educational institutions [2, p.5].

Every year the role of schools increased in the training of the music staff, which was not enough to solve the cultural requests in the country. In addition to the aesthetic education music school trained culture workers, not only for the city but also for the village. An important task for the country was to prepare the music staff of the indigenous nationality. Therefore, the opening of music schools in different localities progressed rapidly. The net of music schools expanded every year [3, r.26].

Music staff for music school is trained mainly by music colleges. In almost every regional center music schools were opened, which prepared not only future artists, but also the future teachers for music seven-year schools.

For the professional training of art workers – even in 1932 was opened the first in the country musical-drama school. The opening of the College was due to the desire of immediate satisfaction of the Republic at a special music footage [4, p.8].

In addition to general theoretical subjects in college following special classes were taught: Kazakh folk instruments, vocal, piano, orchestra (strings and wind instruments).

In the initial period of work music colleges met great difficulties. Educational and methodical work was not effective; there was a lack of training facilities, a capable organizer of the learning process, the musician, who knew the Kazakh language was needed. In this regard, the Government of the Republic withdrew Akhmet Zhubanov, a graduate student, from Leningrad Academy of Arts and appointed him a head of the teaching department of the college [4, p.8].

April 29, 1933 the Council of People's Commissars of the Kazakh SSR adopted a resolution «On measures for the preparation of national musical-theater personnel.» The resolution defined the development of professional music and theater education in the country.

### Results

The paper talked about many issues, but the main thing was the following:

1. About converting the existing Alma-ATA musical College at the Kazakh national musical theatre College with subsequent division into two independent schools: theatre and music.

In 1938, the music theater college was divided into two independent schools: music and theater.

High-qualified specialists began to work in the music college: P. Chugunov (future professor of the Moscow Conservatory), N. Preobrazhensky (the future professor of the Sverdlovsk Conservatory), People's Artist of the Kazakh SSR V. Ivanov (Honoured Artist of the Kazakh SSR), A. Shkarovsky (future chief conductor of the Saratov opera-house), professor of the Minsk Conservatory G. Petrov, violinists E. Antopolsky, I. Lesman, vocalists A. Leontieva (Honored Artist of the Kazakh SSR), A. Mizopov, A. Gutsalovskaya, director S. Korobov and others.

In subsequent years, gradually, music schools were opened in many cities of Kazakhstan, because the issue of the music staff at that time was very serious.

Music schools were opened in Kazakhstan in the period of the Great Patriotic War. For instance, Ural Music Kurmangazy College was organized in 1944. At that time, it employed three departments: piano, strings, folk instruments, and the number of students was limited. The graduates of the Ural music college worked as teachers, principals and head teachers

of music schools, heads of amateur groups, arts educators in institutions.

In Semipalatinsk music school was opened in 1955, the school was named after the remarkable composer Mukan Tulebaev. It was a significant event in the cultural life of the city. From 1955 to 1965 the college graduated 276 people on various specialties /5, r.18/.

Many graduates of Semipalatinsk music college taught singing and music in secondary schools, led by amateur performances, and some continued their music education in Alma-Ata, Novosibirsk and Gorky conservatories.

Petropavlovsk Music college was organized in 1957 with departments: piano, wind instruments and Kazakh folk instruments, musical teacher and choir conductor.

The school involved students of different nationalities: Russian, Kazakhs, Ukrainians, Tatars, Germans, Uighurs.

The staff of the music college took an active part in the musical life of the city.

Guryev Music college was organized in October 1958. To 1971/72 academic year, there were the following departments: piano, string, wind, percussion and folk instruments, choral conductor. There were two-year training courses for Kazakh youth on specialties: violin and piano. The college during the years of its existence had produced 300 young musicians, among them 117 Kazakhs.

Teachers and students of Guryev Music College took an active part in the musical life of the city and the region. They delivered lectures-concerts. Performances of the orchestra of Kazakh folk instruments and choir enjoyed particular success. Many college graduates have completed higher education in the Alma-Ata Institute of Arts and engaged in teaching and performing activities.

Music colleges opened also in large industrial centers of the country. In 1963, the music schools have been opened in the city of Rudny, Kustanai region and in the city of Temirtau, Karaganda region.

The music college of the Rudny town had four departments: piano, conducting and choral, orchestral and folk instruments.

In the 1970-71 academic year the number of students at the music college was 170 people. Many college graduates have completed or continued education in music universities of Alma-Ata, Sverdlovsk, Novosibirsk, Frunze (Bishkek), Astrakhan.

The secondary music schools were opened in Karaganda (1952), Ust-Kamenogorsk (1955), Shymkent (1958), Pavlodar (1959), Aktyubinsk (1971). All secondary music schools had the same

structure and the unified training program [5, p.19]. The preparation of professional music and music-pedagogical staff was involved in the Alma-ATA state Conservatory named after Kurmangazy, which started work on 1 October 1944. This event contributed to the government's decision, which was reflected in the Council of People's Commissars decree: «The Council of People's Commissars of the Kazakh SSR resolves: 1. To organize on October 1, 1944 in the city of Alma-Ata State Conservatory on the basis of musical and choreography combine with the following faculties: historical-theoretical-composer, vocal, piano, orchestral with the department of national instruments and choral conducting faculty. Additionally, to create a Conservatory opera studio. 2. The plan of admission to the first year of Alma-Ata State Conservatory determine in the amount of 150 people. /5, r.33/. «

The conservatory was set a number of tasks: the training of highly qualified musicians of different specialties, the implementation of scientific research and teaching work in sphere of Kazakh, Russian and foreign music; the preparation of scientific and pedagogical staff; improving the skills of professionals working in different branches of art and education; the dissemination of musical knowledge among workers.

The Conservatory was established on the basis of musical and choreographic complex, and its director I. Kruglyhin at the same time was appointed director of the Conservatory. The Conservatory started a lot of organizational work on creation of training programs, recruiting faculty, to recruiting students.

The first students of the conservatory were students of III and IV courses of Almaty music college, students of the Ural school of music, as well as the youth of the Opera and Philharmonic. All the students were provided with scholarships.

37 students were enrolled in the vocal department, 14 – in the piano department, 11 – into the historical and theoretical department, 6 into theoretical-composer department, 14 – into conductor-choral department, 2 – into strings departments, 3 – into the department of wind instruments, 5- into department of Kazakh national instruments [5, p.34 ].

At the beginning of its formation, the Conservatory has encountered great difficulties. The main ones were: the lack of adequate facilities, equipment, lack of musical instruments, the absence of the library needed music literature.

Soon Leningrad Conservatory contributed a gift of 3330 copies, and Moscow conservatory – 5000 copies of musical and musicological literature to Alma-Ata Conservatory.

The Conservatory at that time had only ten classes and a small concert hall. Regular lessons started in the conservatory in November 1944.

It was the beginning of higher music education in Kazakhstan.

Many teachers after the end of World War II returned to their homeland, and Kazakh State Conservatory had a great need for teachers. Other teachers were invited instead of those who left.

Several Kazakhstan arts colleges were also involved in the training of music staff. Musical-pedagogical department was opened in Alma-Ata Women's Pedagogical Institute in 1960, and it carried out the training of teachers of singing and music for Kazakh schools. In 1967, the Institute of Music and the Faculty of Education with four chairs were opened, such as history and music theory (Head of the Department, senior lecturer O. Baydildaev); choral conducting (Head of Department, senior lecturer I. Kisilevsky); Music Education (Head of the Department, senior lecturer M. Chumak); Musical Instruments (Head of Department, senior lecturer M. Baltabaev).

In the following years several educational institutions with music faculties and departments of music were opened in Kazakhstan.

## Discussions

This article describes the main directions of development of musical education in Kazakhstan, from the point of view of the author. The history of the development of music education in the Soviet period can be discussed and continue the story of the formation and development of music education not only in Kazakhstan but also in the CIS countries.

## Conclusion

Thus, from the foregoing it is clear that the establishment and development of music education in Kazakhstan has been associated with the development of political, economic and cultural life of the country. Each link in this system specifically train future musicians, teachers and experts in the field of music art.

At the present stage, the system of music education in the country is preserved, but it is being developed and improved in line with the reforms that are taking place in the system of education of Kazakhstan, in connection with the entry into the world educational space and taking into account the processes of globalization.

## Әдебиеттер

- 1 Kaliakparova L.T. On the problem of studying the auditory control in pedagogy of musical education // Bulletin. Series «Pedagogical sciences». – №3 (49). – Almaty: Kazakh University, 2016. – P. 131.
- 2 CSA RK. Fond №1692, list 2, file №3494.
- 3 Mukasheva A.B. The history of the development of children's music schools in Kazakhstan // Bulletin. Series «Pedagogical sciences». – №3 (43). – Almaty: Kazakh University, 2014. – P. 26.
- 4 CSA RK. Fond №1692, list 2, file №3301.
- 5 Gizatov B. Musical education in Kazakhstan. – Alma-Ata: Mektep, 1975. – 80 p.

## References

- 1 Kaliakparova L.T. (2016) On the problem of studying the auditory control in pedagogy of musical education. *Al-Farabi KazNU Bulletin. Series «Pedagogical sciences»*. #3 (49). Almaty: Kazakh University. P. 131.
- 2 CSA RK. Fond №1692, list 2, file №3494.
- 3 Mukasheva A.B. (2014) The history of the development of children's music schools in Kazakhstan. *Al-Farabi KazNU Bulletin. Series «Pedagogical sciences»*. №3 (43). Almaty: Kazakh University. P. 26.
- 4 CSA RK. Fond №1692, list 2, file №3301.
- 5 Gizatov B. (1975). *Musical education in Kazakhstan*. Alma-Ata: Mektep. 80.





Рысбекова Ш.С., Рысбекова Г.Е.

**XIX ғасырдың II жартысы мен  
XX ғасырдың алғашқы ширегін-  
дегі Қазақстандағы білім беру  
бағытының тарихы**

Бұл мақалада XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан жеріндегі білім беру бағытының тарихы айтылған. Осы уақыт аралығында Қазақстан жерінде ислам бағытында дәріс берген және таратқан білім ордалары туралы деректер бар. Орыс миссионерлерімен бірге жергілікті жаңаша бағыттағы медреселердің оқу-ағарту Жадидтік (жаңа әдіс) бағытының пайда болып даму тарихындағы сол кезеңдегі заман талабы мен жұртшылық көңілінен орын алған. Ресей үкіметінің исламға көзқарас эволюциясында 1905 жылғы 17 қазан Манифесінен кейінгі кезең ерекше орын алады. Дін бостандығы Қазақстанда мешіт-медреселерді көбірек ашуға, мұсылмандық әдет-ғұрыптардың көбірек қанат жаюына ықпал етті деуге болады. Қазақстан өңірінде отаршыл жүйенің әрекеттері, мұсылман дінінің өкілдері, азаттық күресі басшыларына жасалған қуғын-сүргін наразылыққа ұласып, исламның қоғамдағы рөлін тіпті күшейтіп жіберді және ислам ұлт-азаттық күрес туына айналды деп айта аламыз.

**Түйін сөздер:** миссионерлік, халық-ағарту, ислам, кадими, жадид.

Risbekova Sh.S., Risbekova G.E.

**The History of Educational  
Direction in the Republic of  
Kazakhstan at Half of XIX  
Century and at the Beginning of  
XX Century**

The article is devoted to the history of the development of education in Kazakhstan in the late 19th and early 20th centuries, the place and role of Jadidism in the formation of a new worldview among the Turkic peoples, the causes of the emergence of new-method teaching, and it was analyzed the activities of Muslim communities and their development. The purpose of the study was to identify important trends in the development of the education system in the late 19th and early 20th centuries.

A tendency has been established within the framework of the educational reform of the late XIX – early XX centuries: the implementation of the policy of tsarism in creating schools for the education of children. After the Manifesto of October 17, 1905, with the adoption of freedom of worship, speech, etc., began the opening of schools – madrasahs at mosques. Freedom of religion in Kazakhstan in connection with the opening of sets of madrasahs at mosques led to the flourishing of Muslim customs. Persecution against the leaders of the liberation movement, and the very activity of the colonial system in Kazakhstan turned into discontent, and led to the strengthening of the role of Islam in society; Islam became the flag of the national liberation struggle.

**Key words:** missionary work, public education, Islam, kadimi, jadidism.

Рысбекова Ш.С. Рысбекова Г.Е.

**История развития образования  
в Казахстане во II половине  
XIX – начале XX веков**

В статье рассматриваются история развития образования в Казахстане в конце XIX – начале XX вв., место и роль джадидизма в формировании нового мировоззрения у тюркских народов, причины возникновения новометодного обучения, а также проанализирована деятельность мусульманских сообществ и их развитие. Цель исследования – выявление важных течений развития системы образования в конце 19 – начале 20 веков. Установлена тенденция в рамках реформы просвещения конца XIX – начала XX вв.: проведение политики царизма при создании школ для обучения детей. После Манифеста 17 октября 1905 года с принятием свободы совести, слова и др. начинается открытие школ – медресе при мечетях. Свобода религии в Казахстане в связи с открытием множеств медресе при мечетях привела к процветанию мусульманских обычаев. Репрессии против руководителей освободительного движения, и сама деятельность колониальной системы в Казахстане переросли в недовольство, что привело к усилению роли ислама в обществе; ислам превратился в флаг национально-освободительной борьбы.

**Ключевые слова:** миссионерство, народное образование, ислам, кадими, джадидизм.

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ  
ІІ ЖАРТЫСЫ МЕН  
XX ҒАСЫРДЫҢ  
АЛҒАШҚЫ  
ШИРЕГІНДЕГІ  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
БІЛІМ БЕРУ  
БАҒЫТЫНЫҢ ТАРИХЫ**

**Кіріспе**

Қазақстанның қоғам дамуының барысында ұлттық тарих, мәдениет, дін, рухани құндылықтар бағытына қайта көз жіберіп, өшкенімізді тірілтіп, өткенімізді білуге және оны бүгінгі көзқарас тұрғысынан түсінуге жұртшылық ынтасы күн сайын арта түсуде. Себебі, ұлттық тарихта бірқатар көкейтесті мәселелер қайта қаралып, ғылыми негізде зерделеніп, дұрыс бағаға ие болуда. Оның көзге түсетін тұстарының бірі – ислам дінінің қазақ жеріндегі мың жылдан астам тарихының кезеңдері.

Дін соның ішінде ислам діні адамзаттың қазіргі дамуына орасан зор үлес қосқан рухани құндылық екені белгілі. Осы тұрғыдан келгенде қазақ жерінде исламның тарауы мен дамуы ұлттық тарихта айрықша қызықты және мағынасын жоймағанын бүгінгі уақыт оған дәлел. Ислам білімінің қазақ жұртшылығы арасына тарауына қандай себептер болды, діни қауымдастықтар қалай құрылды, жалпы қазақ жеріндегі исламның қандай ерекшеліктері бар деген мәселелер жалпы қоғамдық сананы елеңдетеді. Осы тұрғыда біз өз мақаламызда ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан жерінде ислам бағытында дәріс берген және таратқан білім ордалары туралы сөз қозғамақпыз. Қазақтың сан ғасырлық педагогика тарихы, тәлім-тәрбиелік мұрасы, оны насихаттаған, дамытқан зиялы азаматтарының аты аталмады. Қазақ халқының ертедегі дәуірін былай қойғанда, өлкедегі оқу-ағарту саласының «ақтаңдақ» беттеріндегі Ы. Алтынсариннің және жадидшілдердің қажырлы күрестері әлі де тарих, педагогика беттерінде қарастырылып, зерттелуге тиісті деп есептейміз.

**Зерттеудің нысанасы.** ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан жерінде ислам бағытында дәріс берген және таратқан білім ордаларындағы білім беру жүйелері.

**Зеттеудің мақсаты.** ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан жеріндегі оқу-ағартудағы Ы. Алтынсариннің, орыс миссионерлерінің, жадидшілдердің бағыты мен күрес жолдарының ерекшеліктерін көрсету.

### **Зерттеу міндеттері:**

- ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан жеріндегі орыс миссионерлерінің оқу-ағарту бағыттарындағы жарық көрген еңбектері;

- Ы. Алтынсарин мен ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы мұсылмандық білім беру жүйесі және білім беру мазмұны.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

**Теориялық әдістер:** педагогикалық құбылыстар мен оқиғаларды тарихи талдау әдісі, ҚР жоғары білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды талдау, зерттеліп отырған мәселенің себеп-салдарын талдау әдісі.

### **Әдебиеттер шолу**

*ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы орыс миссионерлерінің қазақ даласындағы саясаты.*

Бұл кезең көшпелі шаруашылық дәстүрі басым халқы Ресейдің отарлық езгісі салдарынан әлеуметтік-экономикалық тәуелділікте еді. Қазақстан өнеркәсібі өркендемеген, патшалық Ресейдің шикізат базасына айналған еді. Халық-ағарту саласы да өлкені отарлаудың бір бөлшегі ретінде патша өкіметі назарынан тыс қалған жоқ. Ресей ағарту министрлігі 1870 жылы «Ресейді мекендеп жатқан бұратана халықтар үшін білім берудің талаптары» атты заңды қабылданады. Заңның негізгі мақсаты – Қазақстанда орыс-қазақ, аралас мектептерін ашу, қазақ балаларын орысша сауаттандыру, одан қала берсе шоқындыру еді. Ресей империясы қазақ даласын толықтай жаулап алғаннан кейін, отар аймақты өркениетті елдерге тән ағартушылық, ізгілік, халқына білім беріп, оның қоғамдық-саяси санасы мен мәдениетін көтеру емес, қайта оларды өзінің қасиетті ана тілінен, ғасырлар бойы ұстанған дінінен, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінен айырып, рухани жағынан құлдықта, мәңгүрттік болмыста ұстау сияқты мақсаттарды көздеді. Қазақ халқын шоқындыру патша шенеуніктері мен шіркеу миссионерлерінің негізгі міндетіне айналды. Патша өкіметінің жергілікті халықтарды «сауаттандыру ісінде», әкімшілік органдарға ең жақын, жанашыр көмекшілері православтық шіркеу мен оның миссионерлері болды. Қазақстан аумағын, орыстандыру мен шоқындыру мәселесі төңірегінде, орыс ғалым-миссионерлері Н.П. Остроумов, С. Граменецкий, А.Е. Алекторов, Н.И. Ильминский және алғашқы генерал-губернатор К.П. Кауфман [1.14] еңбек-

терін жатқызуға болады. К.П. Кауфман өз еңбегінде «мектептер мен медреселердің ағарту ісі заман талабына сай болмағандықтан, заңды үрдіс негізінде өзінен-өзі ыдырайды» деп түсініп, «өзге халықтарды қорқынышқа бөлемей, аралас орыс-түзем мектептер империя мүддесін өз дәрежесінде орындайды» деген ойға келеді. Ал, Н.П. Остроумов мұсылмандық мектептер мен медреселер тарихына байланысты бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл еңбектерінде, ол мұсылман оқу орындарының дамуына тосқауыл қою жолдарын қарастырған. Себебі, мұсылмандық оқу орындар өлкенің орыстандырылуы мен шоқындырылуына кедергі болған еді. Оның пікірінше орыстандыру саясатының бірден-бір жолы ретінде «қазақтар мен орыстарды біртұтас саяси-мемлекеттік құрылымға біріктірудегі негізгі буын оқу-ағарту саласы» – деп, пайымдады. Түркістан өлкесінде миссионерлік әрекетімен көзге түскен, православиелік шіркеудің ең белсенді миссионерлерінің бірі, Н.И. Ильминский 1860 жылы «Қазақтар мұсылман емес, олар шамандар. Сол себептен оларды христиан дініне кіргізу оңай болады» [2. 90-91] – деп, орталық үкіметке баяндаған болатын. 1886 жылы орыстық білім беру саласының дамуына үлкен үлес қосушы ретінде, патша әкімшілігі тарапынан құрметтелген Н.П. Остроумов, православ миссионерлері бірлігінің жиырма жылдығына арналған «Көшпелі халықтар христиан діні мен мәдениетін қабылдауды қалай ма?» атты жиында, миссионерлердің негізгі назарын қазақ даласы мен Түркістан аймағына аударып: «Ресейге бағынатын азиялық көшпенділердің адамдық және мәдени тұрғыдан жетілуі және православтық орыс халқымен бірігуі үшін, христиандықты қабылдаудан басқа жолы жоқ. Егер азиялық көшпенділер христиан дінін қабылдамайтын болса, мұсылмандықты қабылдап, еліміздің дамуын тежейді, саяси үстемдік пен тұтастыққа қатер төндіреді» [3. 15-17] – деп, қорытындылады. Отарлық билік жүйесі оңтүстік өңірді жаулап алған күнінен бастап-ақ, жергілікті халықты өздерінің исламдық діни сенімдерінен ажыратып, христиан дінінің православтық ағымына сыйындыру бағытын ұстанды. Сол уақыттардағы Түркістан өлкесіндегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайды қарастыра отырып, Ресейдің Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі көздеген мүддесін, академик А.Н. Кононов өзінің «Ресейдегі түркі тілдерін үйрену тарихы» атты еңбегінде: «Ресей империясы оңтүстік аймақты саяси экономикалық тәуелділік бастамасын ең алдымен, сол жер-

дегі тұрып жатқан халықтарды православтық идеология тұрғысынан бағындыру қолға алынды. Бұл мақсатты іске асыруды православ миссионерлеріне тапсырылды, олар тиісті дайындық курсынан өтіп, жергілікті халықтың тілін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық ерекшеліктерін меңгерулері арқылы өздеріне болашақ ізін жалғастырушыларды дайындау көзделді» [4. 90] – деп, ашық көрсетеді.

Миссионерлер мұсылмандықтың орнына христиан дінін, оның әдет-ғұрпын барынша уағыздап, халықты шоқындыруға тырысты. Олардың ісін жергілікті әкімшілік басшылары қызу қолдап отырды. Мысалы, Торғай генерал губернаторы Барабаш өз мерейтойында өзіне бағынышты жергілікті қазақ жұртына православиелік дінін таратып үлгермегенін өкінішпен айтқан.

Басқа ұлтты бөтен дінге үгіттеу, насихаттау үшін ең алдымен тіл мен алфавит қажет. Қазақ жерінде орыс кириллица әрпінің енгізілуі дінмен байланысты дүниеге келген. Себебі, мұсылмандарды араб әрпінен айырмай, ислам дінінен айыру мүмкін емес екенін миссионерлер жақсы түсінді деп ойлаймыз.

Орыс мәдениеті мен дінін қабылдаушы мұсылмандарды үркітіп алмас үшін орыс графикасын біртіндеп енгізу қажеттігін сезінген Н.И. Ильминский қысқа мерзім ішінде діннен безген, туған тарихынан, мәдениетінен қол үзген мұсылмандар бірте-бірте орыс әрпінде қалып қояды деген ойда болған. Бұл миссионерлік саясаттың ішкі астарын дәл сезген ұлағатты ағартушы Ы. Алтынсарин екі түрлі саясатты ұстауға мәжбүр болды. Ол өзінің ағартушылық идеясын іске асыру үшін қолында саяси билігі бар, әрі патша үкіметінің ресми өкілі Н.И. Ильминскийдің сырын сезе тұра, дипломатиялық жолмен оны пайдалануға тырысты. Ы. Алтынсариннің осы кезеңдегі жағдайын М. Әуезов: «...Ол екі жақтың – шіркеу мен мұсылмандықтың қысымына түсті. Мұсылмандардың ойынша, «ол қазақ балаларын шоқындыруда», – деп жала жапты, ал Ильминский сенімі жағынан таза христианин-миссионер оған арнайы көмектесіп, ашылған мектептер арқылы қазақтарды орыстандыру идеясын іске асыруды ойлады», – деп түсіндіреді. Ы. Алтынсариннің мұрасын зерттеушілер арасында «Ыбырай орыс алфавитінің қазақ тілінде негізін салушы» деген пікірлер де бар. Осыған орай, мына деректі келтірейік. Мысалы, Батыс-Сібір генерал-губернаторының 1876 жылы Ішкі істер министрлігіне жазған жолдамасында: «Торғай облысының

халық мектебінің инспекторы Ы. Алтынсарин орыс алфавитіне негізделген, қазақтардың халық өлеңінің тексін маған тапсырды... Біз орыс алфавитімен қазақ грамматикасын жасауымыз керек. Ол Н.И. Ильминскийге тапсырылды» – делінген. Бұдан біз, қазақтар үшін орыс алфавитін жасаушы автор И. Ильминский екендігін, ал Ы. Алтынсарин шығармаларын ресми түрде қатаң талап етуімен орыс алфавиті негізінде жазса, екіншіден, ескі оқуға қарағанда орыс оқуының прогрессивті жағының болуы да себепші болды. Ал, Н.И. Ильминскийдің орыс алфавитін Ы. Алтынсариннің атымен насихаттаудағы мақсаты ғасырлар бойы ислам діні жайлаған қазақ даласына сол елдің оқыған зиялы азаматының атын жамылу арқылы орыстандыру саясатын іске асыру оңай еді. Ресейдің ұстаған саясаты анық байқалды және олар бұл істе өз гендеріне жетті.

### Нәтижелер мен талқылау

*XIX ғасырдың II жартысында Қазақстан территориясындағы оқу-ағарту бағыттары.*

XIX ғасырдың II жартысында Қазақстан территориясында оқу орындарының 3 түрі болды: 1. Мектеп-медресе. 2. Аралас мектептер. 3. Таза орыс мектептері.

Мектеп-медресе екі бағытқа бөлінді: Кадим оқуы, Жадидтік (жаңа әдіс) оқуы.

Аралас мектептерге: Болыстық мектептер, ауылдық мектептер, орыс-қазақ мектептері, училищелер (ер, қыз балалар), гимназиялар (ер, қыз балалар).

Таза орыс мектептеріне: Діни приходтық мектеп, орыс мектептері, училищелер, гимназиялар, коммерциялық училищелер болды.

Ескі кадими мешіт-медреселер Түркістанда, Сайрам, Шымкент, Әулие-Ата, Ақмешіт, Мерке, Семей, Ақмола, Қарқаралы т.б. аймақтық жерлерде ашылған. «Мешіт-медресе» – деп, қосарлап атап отырғанымыз, мешіт тек намаз оқитын жер ғана емес, балаларды оқытатын медресе үйі болған. Мешіт-медреселер сонымен бірге, Оңтүстік Қазақстан облысы, Алғабас ауданындағы Айқожа «Ақтас», Сырдария өңіріндегі Сейтахметтің «Қарасофы» мешіт-медреселері болғаны мәлім. Ол жерде молдалар ұстаздық қызмет атқарған. Медресеге қажетті оқу құрал-жабдықтары мен қаражаттар жергілікті халықтан жиналған. Медресе шәкірттері бір жылда төрт немесе алты ай оқыған. Оқу мерізімі төрт жылға созылып, оған жеті жастан бастап балалар қабылданған. Шәкірттер сауат ашу жо-

лын 28 араб әрпінің жазылуы мен оқылуын сөз арқылы жаттаудан бастаған. Әрбір сөйлем әртүрлі діни дұға мен кез келген мұсылман білуге тиісті діни шарттардан құралады. Мұндағы басты оқулық киелі кітап «Құран» болды. Ал, кейінгі оқытылатын оқу пәндерін үш топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа: Улум-ул-арабия-араб филологиясы. Ол таджив-фонетика, наху-синтаксис, аруз-просодия – өлең буындарының өзара сәйкестігі туралы ілім. Екінші топқа: Улум-уш-шария-шариат мұсылмандық діни құқықтық, заңға кіріспе, мұрагерлік құқықтық, аңыз, құранды түсіндіру ережелері жатады. Үшінші топқа: Улум-ул-хикмия – эстетикалық және философиялық ғылымдар кірген. Олар логика, метафизика, эстетикалық білім, астрономия пәндері. «Шариат-ул-иман» басты оқулық болып есептелген. Бұл оқулық адам ақыл-ойының барлық талап-тілектеріне жауап бере алатын ғылым жолы деп саналды. Медресені бітіруші шәкірттер емтихан тапсырып, бітіру куәлік беріліп отырған. Кадими оқу медресенің пайдасы сол сауат ашумен қатар, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде Фердауси, низами, Науаи, Физули және т.б. шығармаларын да оқып танысқан.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде жадидтік оқу орындарының пайда болу себебі, біріншіден, ескі кадими әдісінің заман талабын толық қанағаттандыра алмауы; екіншіден, орыстандыру саясатына қарсы түркі тілдес халықтардың өзін-өзі сақтап қалу жолындағы қажырлы күресінен туған еді.

Жадидшілердің мақсаты ескі кадими мектеп медреселерін Еуропа педагогикасының ғылыми-әдістемелік жетістіктері негізінде қайта құру, медреседе діни сабақтармен бірге өмірге қажетті дүниетану ғылымдардың негізін оқыту, үздіксіз дамып келе жатқан ғылыми-техникалық жаңалықтар, сауда-саттық, экономикалық кәсіптерді меңгеруге баулуды көздеді. Жадидтік оқу орындарында біркелкі оқу жоспары мен бағдарлама бойынша мұсылман мектептерін бір ізге түсіру, арифметика, жағрафия, жаратылыстану, тарих т.б. пәндер енгізіліп, шәкірттерге сапалы білім беру жолдары қарастырылды. Қазақстанда кеңінен етек жая бастаған жадидтік мектеп-медреселердің ішіндегі ірілері «Ғалия», «Мамания», «Расуле», «Ақтас» т.б. болды. Мұнда жоғарыда аталған оқулықтармен бірге араб тілі, түркі тілі, қазақ тілі, орыс тілі, дін, тарих, жағрафия, зоология т.б. пәндерден ғылыми-түсінік беретін кітаптар пайдаланылады. Патша үкіметі бұл мектептердің өркен жаюына

көптеген қысымшылықтар жасап келді. Олар өз тыңшыларын жіберіп нақты мәліметтер жинап, түрлі кедергілер қойып отырды. Мысалы, патша үкіметінің 1911 жылы мектеп-медреселер туралы есебі бойынша Қазақстанда 84 медресе бар, онда 28814 шәкірттер тәрбиеленіп, 130 ұстаз қызмет атқарады, 1446-сы тек бастауыш сауат ашу мектептерінің түлектері, – деп ақпарат берілген.

Патша үкіметі қалай болғанда да «мұсылмандар еуропалық өркениетке тек орыстанып барып, жете алады» деген пікірде болды. Жадидшілдер бұл пікірге қарсы шығып, ұлттық болмысын сақтай отырып, өркениетті елдер қатарына жете алатындығын дәлелдеуге тырысты [5. 13]. Яғни отарлық езгідегі түрік тілдес мұсылман халықтарының ерікті, өркениетті болуын, басқа азат халықтармен тең тұруын қалады және олардың қызметі үш бағыттан тұрған: жаңа оқу әдісіндегі жадидтік мектептер ашу арқылы ұлттық рух пен сана-сезімді көтеру; дарынды, жігерлі жастарды шетелдерде оқыту, қайырымдылық қорларын құру және ұлттық басылымдар шығару арқылы мықты саяси партия құруға әзірлеу. Жадидшіл ілімнің негізін Маржан қаласында дүниеге келген Шаһабуддин Бағауиддинұлы қалайды [6. 20].

XX ғасырдың басында Мүнәууар қаридың әрекетін Абдулла Ауляни, Убайдолла Қожаев, Кәмилбек және Кәрімбек Нәрбековтер, Тасболат Нарботабеков және тағы басқа да жадидтер қолдайды. Олар 1909 жылы тамызда Сырдария облысындағы материалдық және рухани көмекке мұқтаж мұсылмандарға қаржылай көмек көрсету мақсатында Ташкент қаласында «Көмек» мұсылмандар қоғамын құрып, сол жылы өз Жарғысын бекітеді. Жарғы бойынша қоғам Сырдария облысында өз бөлімшелерін ашады. Қоғамның құрылтайшыларына Ташқожа Тұяқбаев, низан-Қары Молда Хусайнов, Молда Абдулла Авлянов, Мүнәууар қары Абдурашидханов, Баширулла және Асадулла Ходжаевтар кіреді [7. 124]. Осы аталған жадидшілердің бастамасымен XX ғасырдың басында Сырдария облысында жаңа әдісті мектептер көптеп ашыла бастайды. Олардың арасында Әулиеата қаласында «Шамсие» мектебі, Қазалы қаласында «Хусаинов» татар мектебі, Перовскі қаласында ашылған «Шаги Ахмет Валиуллинов» атты жаңа әдісті мектеп және тағы басқа мектептер мұсылмандардың балаларына білім берген. Ал жалпы Сырдария облысында білім берген жадидшіл мектептердің санына келетін болсақ, 1914 жылға дейін 16 жаңа әдісті мектеп жұмыс істеп, онда 1650 шәкірт білім алған. Атап көрсетсек, Әулиеата

қаласында 2 жаңа әдісті мектеп, Перовскіде 3 мектеп, Қазалы қаласында 3 мектеп, Шымкент қаласында 2 мектеп, Түркістан қаласында 1 жаңа әдісті мектеп болған. Ал қалған мектептер көшпелі жағдайда қызмет атқарған. Жәдидтік мектептердің түрік халықтарының азаттығы жолында қандай ағартушылық рөл атқарғандығын Түркістан өлкелік оқу орындары басқармасында жіберілген мәліметтегі «мемлекет үшін мұсылман мектептерінің автономиялығы қауіпті болып табылады» – деген мазмұндағы пікірден тануға болады [8.18].

Ресей отаршыл саясат қысымшылдығынан қадими және жадидтік бағыттағы оқу орындары ығыстырылып, XIX ғасырдың II жартысынан бастап Қазақстан жерінде бірте-бірте болыстық, ауылдық, орыс-қазақ мектептері, училище, гимназиялар қаптап жұмыс істей бастады. Бұл бағытта орыс миссионерлері мектептерге арналған оқулықтар жазып шығарды. Ресей миссионерлері жергілікті халық орыс тілінде оқи, жаза және есептей алса жеткілікті деп есептеді. Қазақстан жеріндегі орыс-қазақ мектептерінің тарихын қарастыра келе, алғашқы оқулықтар мен оқу жоспарлары екі түрлі жүйеде жасалды деген қорытындыға келуге болады [9.45]. 1. Орыс-қазақ мектептеріне арналып жазылған орыс тілі пәнінің оқулықтары. Мұндай оқулықтар қазақ тілінің ерекшелігін ескеріп, соған бейімделіп жазумен бірге, қазақ тілінің грамматикасы жөнінде оқушыларға аздаған ұғымдар да беріп отырған.

Орыс-қазақ мектептеріне арналып жазылған қазақ әдебиеті хрестоматиялары мен грамматикасының оқулықтары. Бұл оқулықтар орыс алфавитіне негізделіп қазақ тілінде жарық көрген оқулықтар.

Ең алғаш қазақ балаларына арналып жазылған Н.И. Ильминскийдің «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деп аталатын оқулығы 1861 жылы Қазан қаласында басылып шығарылған. «Самоучитель» орыс және қазақ бөлімінен тұрды. Қазан төңкерісіне дейін қазақ балаларына арналған оқулықтар осындай екі тілде құрастырылып отырды. Ильминскийдің бұл оқулығы қазақ балаларының өз ана тілінде сауатын ашуға көмектесетін алғашқы оқу құралы болды, оның құндылығы да осында болды. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі оқулықтары ішінде 1879 жылы Орынборда басылып шығарылған Ы. Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» атты еңбегінің алатын орны ерекше.

Орыс-қазақ мектептерінде бұдан басқа кең қолданылған орыс тілді оқулықтар С.Г. Ячник-

тің «Первая книга после азбуки для детей туземцев туркестанского края с переводом слов на киргизский и сартовский языки», А.Е. Алекторовтың «К мудрости ступенька», А.В. Васильевтің «Букварь для киргизов», «Жазуга уйренетин кнеге» т.б. миссионер авторларының шығарған оқулықтары. Оқулықтардың ішінде орыс-қазақ мектептерінде аса тиімді және ұзақ пайдаланылған кітап Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» болды. Оқулық өзінің тарихи міндетін ойдағыдай атқарды. Қазақ жастарының бірнеше буыны осы оқулықпен білім және тәрбие алып шықты.

Ресей империясының Қазақ даласында ашқан орыс-қазақ мектептерінің бір-бірінен айырмашылығы болмады. Олардың бағдарламалары мен оқулықтары ортақ болды. Мысалы, алғашқы пайда болған мектептердің білім мазмұнына тоқталып өтелік. 1844 жылы 14 шілдедегі Ереже бойынша Орынбор шекара комиссиясы жанынан мектеп ашылған. Онда мына пәндер: 1 сыныптың алғашқы жылы орыс және татар әліппесі, екі тілде жазу, сызу, оқу. Екінші жарты жылдықта иманшартпен әптиекпен (құранның 1 бөлімін) танысу.

2 сыныптың бірінші жарты жылында, ислам дінінің алғашқы қағидаларын; орыс және татар тілі грамматикасының алғашқы қарапайым ережелері және екінші жарты жылында, осы екі тілде жазу, арифметиканың алғашқы төрт амалы, есеп шығару, шот қағу. 3 сыныпта бірінші жарты жылында, құранның алғашқы түсініктер беруді одан әрі жалғастыру; орыс тілі мен татар тілінің грамматикасын аяқтау, арифметиканы бітіру, іс қағаздарды жазып үйрену. 4 сыныпта тәрбиеленушілер бір жыл оқиды, жеңіл шығармалар жазу, күнделікті іс қағаздар жазу, құқықты оқу. Бұл мектептің бағдарламасының негізі тек орыс тілі мен татар тілінде білім алу қарастырылған, ал қазақ тілінде білім алу тек бас кезінде ғана қарастырылып, кейін ол керексіз болып қалып отырған. Жалпы Ресей үкіметінің Қазақстан жеріне қоныстандыру саясатын үш үлкен кезеңмен жүргізгендігін айтуға болады. Біріншісі, ерікті қоныстанушылар (XVI-XVII ғғ.); екінші кезең, әскери-әкімшілік қоныс аудару (XVIII ғ. – ортасы мен XIX ғ.); үшінші кезең, шаруалардың қоныстануы (XIX ғ. 60 жылдан – XX ғ.) [12.7]. Бұл Ресей үкіметінің Қазақстан жерінде оқу-ағарту саласын өз деңгейінде жүргізулеріне және орыс мектептерінің көптеп ашылуына жағдай жасалынды.

Орыс-қазақ мектептеріне жергілікті халық өз балаларын кәпір болып кетеді деген оймен оқуға

бермейтін. Сондықтан да, бұл мектептерге қазақ балаларын тарту үшін оқу кестесіне мұсылман діні енгізіліп, сабақты молдалар жүргізулері тиіс болды. Бірақ архив құжаттарында молдалардың берген дәрістері жөнінде бірде бір ақпарат жоқ. Оқу бағдарламаларында «Отантану», «Елтану» деген сабақтар Ресейдің мемлекеттік мәртебесін көтеретін, мақтайтын оқулықтар жүргізілгені туралы ақпарат бар.

### Қорытынды

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстандағы білім беру бағытының тарихына талдау жасай отырып, Ресей үкіметінің Қазақстанда жүргізген оқу-ағарту саласындағы реформасы тек қазақ балаларына білім беріп қана қоймай, сонымен бірге, шоқындыру саясатын ұстанғандағы байқалады. Бірақ, бұл бағытқа жергілікті халық көп жағдайда қарсылық білдіріп отырды. Осының арқасында, біздің жерге жеткен жәдитшілдер жергілікті

халықтың ұлттық болмысын сақтай отырып, өркениетті елдер қатарына жете алатындығын дәлелдеді.

Қорыта келе, Қазақстан аймағындағы XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі білім беру бағытының әртүрлігі бір жағынан болса, екінші жағынан Ресей империясының отаршылдық саясаты арқасында пайда болған білім бағытының негізі тек империя үшін қызмет жасағанын көрсетеді. Бірақта, Ресей үкіметінің исламға көзқарас эволюциясында 1905 жылғы 17 қазан Манифесінен кейінгі кезең ерекше орын алады. Дін бостандығы Қазақстанда мешіт-медреселерді көбірек ашуға, мұсылмандық әдет-ғұрыптардың көбірек қанат жаюына ықпал етті деуге болады. Қазақстан өңірінде отаршыл жүйенің әрекеттері, мұсылман дінінің өкілдері, азаттық күресі басшыларына жасалған қуғын-сүргін, наразылыққа ұласып, исламның қоғамдағы рөлін тіпті күшейтіп жіберді және ислам ұлт-азаттық күрес туына айналды деп айта аламыз.

### Әдебиеттер

- 1 Батырханов Г.К. Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты // тар. ғыл. канд. ғыл. дисс. автореф. – Алматы, 1997. – 25 б.
- 2 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках // Сб. документов и материалов / сост. Ф.Н. Киреев, В.Я. Басин, Т.Ж. Шоинбаев, К.Ж. Жунисбаев, В.С. Мусаева). – Алматы: Наука, 1964. – 575 с.
- 3 Қазақстан тарихы. – 3 том. – Алматы, 2002. – 766 б.
- 4 Асфендияров С. История Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 304 с.
- 5 Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. – М., 1957. – 381 с.
- 6 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құраст. Грибанова Е.М., Смагулова С.О. – Алматы: Алаш, 2004. – 552 б.
- 7 Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX в.). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 214 с.
- 8 Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в к. XIX-XX вв.). – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 322 с.
- 9 Кабульдинов З.Е. Казахи внутренних губерний России во второй половине XVIII – начало XX веков (историко-демографический аспект). – Павлодар: Эко, 2002. – 295 с.
- 10 Белавин К. Оренбургский Неплюевский кадетский корпус // Оренбург: географостатистический очерк. – Оренбург, 1891. – 126 с.
- 11 Мирсаитова С.Г. Народное образование на Южном Урале в первой половине XIX в.: В 2-х ч. – Екатеринбург: Уралнаука, 2000. – 195 с.
- 12 Краснобаева Н.Л. Население Казахстана в конце XIX – первой четверти XX века. Диссертации по гуманитарным наукам. – Барнаул, 2007. – 175 с.

### References

- 1 Asfendiyarov, S. (1998). The history of Kazakhstan. Almaty, Kazakhstan: Kazakh University, 304 p.
- 2 Batyrkhanov, G. (1997). Missionary policy of Russia in Kazakhstan., 25 p. Almaty, Kazakhstan
- 3 Beckmahanov, E. (1957). Accession of Kazakhstan to Russia. Moscow, Russia: Nauka, 381 p.
- 4 Belavin, K. (1891). Orenburg Neplyuev Cadet Corps. Orenburg, Russia, 126 p.
- 5 Griбанова, E., Смагулова, S. (2004). Alash Movement. Almaty, Kazakhstan: Alash, 552 p.
- 6 History of Kazakhstan. (2002). Almaty, Kazakhstan: Atamyra. 766 б.
- 7 Kabul'dinov, Z. (2002). Kazakhs of the internal province of Russia in the second half of the XVIII-early XX centuries (historical and demographic aspect). Pavlodar, Kazakhstan: Eco, 295 p



8 Kireev, F., Basin, V., Shoinbaev, T., Zhunisbaev, K., Musaeva, V. (1964). Kazakh-Russian relations in the XVIII-XIX centuries. Almaty, Kazakhstan: Nauka, 575 p.

9 Krasnobaeva, N. (2007). The population of Kazakhstan at the end of the XIX-first quarter of the XX century (Doctoral dissertation, East Kazakhstan State Technical University, Ust-Kamenogorsk).

10 Mirsaitova, S. (2000). Public education in the Southern Urals in the first half of the XIX century. Ekaterinburg, Russia: Uralnauka, 195 p.

11 Mustafina, R. (1992). Representations, cults, rituals among the Kazakhs (in the context of domestic Islam in Southern Kazakhstan in the end of XIX-XX). Almaty, Kazakhstan: Kazakh University, 322 p.

12 Toleubaev, A. (1991). Relics of pre-Islamic beliefs in the family rites of Kazakhs (XIX-early XX). Almaty, Kazakhstan: Gylym, 214 p.



2-бөлім  
**МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДАҒЫ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕР**

---

Раздел 2  
**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ  
ПРОБЛЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ  
ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ**

---

Section 2  
**PSYCHOLOGICAL AND  
PEDAGOGICAL PROBLEMS  
OF PROFESSIONAL EDUCATION**

Айтбаева А.Б., Қасен Г.А.,  
Мырзаханова А.

**Қазақстандағы  
арт-педагогикалық және  
арт-терапиялық жұмыстар  
мазмұнын дамыту және  
жетілдіру перспективалары**

Мақалада Қазақстан Республикасының арт-педагогикалық және арт-терапиялық жұмыстар мазмұнын дамыту және жетілдіру бағытын болжау нәтижелері ұсынылған. Мақаланы талдау арқылы арт-педагогикалық және арт-терапиялық түсініктердің бірыңғай мәні жасалмағанын көруге болады, соңғы жылдағы мақалаларда мынадай сөз тіркестері кездеседі: «арт-терапиялық педагогика», «өнер психопедагогикасы», «арт-педагогикалық технология», «арт-педагогикалық тұғыр» және т.б. Әдебиеттерді талдау негізінде болжаудың бірнеше типтерін бөліп қарастырады: классикалық болжау (оның негізі арт-терапияның экспрессивпен, коммуникациямен, символдармен, көркем өнер әрекеттеріне де байланысты негізделеді), қолданбалы болжау (шығармашылық үдерісінің өзі маңызды жағдай); педагогикалық болжау (білім беру саласында арт-терапевтердің рөлінің артуы); психологиялық болжау (визуалды және пластикалық экспрессия «тілінің дамуы мен жетілуі»). Қазақстанда жүзеге асырылатын арт-педагогикалық және арт-терапиялық қызметтер мысалында арт-педагогикалық және арт-терапиялық жұмыс мазмұнын жетілдіру бағытының картасы ұсынылады.

**Түйін сөздер:** арт-терапия, арт-педагогика, арт-педагогикалық жұмыс, экспрессивті өнермен интермодальды терапия, би – қозғалыс терапиясы, драматерапия, арт-педагогикалық қызмет.

Aitbaeva A.B., Kassen G.A.,  
Myrzhanova A.

**Prospects for the Development  
and Improvement of the Content  
by the Art Teaching and Art  
Therapy Work in Kazakhstan**

The article presents the results of forecasting the development and direction of improving the content of art teaching and art therapy work in the Republic of Kazakhstan. Analysis of publications suggests that a unified understanding of art pedagogy and art therapy is not yet generated, in the publications of recent years there are phrases such as: «art therapy pedagogy and psycho-pedagogy art», «art pedagogical technology», «art pedagogical approach», etc. Based on the analysis of literature several types of prediction are highlighted. Foundation of art therapy with its expression, communication, symbolization, with an action which involves artistic creativity); applied forecasting (where the process of creation); the pedagogical forecast (increase of the role of art therapists in education); psychological projection (development and improvement of the «language» of visual and plastic expression). Proposed map of the ways of improving the content of art teaching and art therapy work-for example, implemented in the Republic of Kazakhstan art teaching and art therapy services in Kazakhstan.

**Key words:** art therapy, art education, art teaching, art therapy work, therapy, intermodal expressive arts, music therapy, dance-movement therapy, drama therapy, art-pedagogical activity.

Айтбаева А.Б., Касен Г.А.,  
Мырзаханова А.

**Перспективы развития и со-  
вершенствования содержа-  
ния арт-педагогической и  
арт-терапевтической работы в  
Казахстане**

В статье представлены результаты прогнозирования развития и направления совершенствования содержания арт-педагогической и арт-терапевтической работы в Республике Казахстан. Анализ публикаций позволяет утверждать, что единого понимания сущности арт-педагогики и арт-терапии пока не выработано, в публикациях последних лет встречаются такие словосочетания, как: «арт-терапевтическая педагогика», «психопедагогика искусства», «арт-педагогическая технология», «арт-педагогический подход» и др. На основе анализа литературы выделяется несколько типов прогнозов: классический прогноз (в основе которого лежит основание арт-терапии с её экспрессией, коммуникацией, символизацией, с действием которых и связано художественное творчество); прикладной прогноз (где важен сам процесс творчества); педагогический прогноз (возрастание роли арт-терапевтов в сфере образования); психологический прогноз (развитие и совершенствование «языка» визуальной и пластической экспрессии). Предлагается карта направлений совершенствования содержания арт-педагогической и арт-терапевтической работы на примере реализуемых в РК арт-педагогических и арт-терапевтических услуг в Казахстане.

**Ключевые слова:** арт-терапия, арт-педагогика, арт-педагогическая работа, арт-терапевтическая работа, интермодальная терапия экспрессивными искусствами, музыкальная терапия, танцевально-двигательная терапия, драматерапия, арт-педагогическая деятельность.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
АРТ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ЖӘНЕ АРТ-ТЕРАПИЯ-  
ЛЫҚ ЖҰМЫСТАР  
МАЗМҰНЫН ДАМУ  
ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ  
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**Кіріспе**

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында психотерапия саласында, сондай-ақ, жалпы білім беретін оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу ісінде де арт-әдістерді қолданумен байланысты практикалық психологиялық қызмет көрсету аумағы айтарлықтай кеңейіп отыр. Бұл әдістердің маңызының күн санап артуы мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің басқа да дәстүрлі және жаңашыл әдістеріне қарағанда артықшылық жақтарымен түсіндіріледі. Осы әдістердің көмегімен тұлғааралық және тұлғаішілік конфликтілер, дағдарыстық, мазасыздық жағдайлар мен психологиялық жаракаттар анықталып ары қарай шешіледі. Мұның сыртында, бұл әдістер тұлғаның шығармашылық әлеуетін өзектендіріп, оның креативтілігі мен жекетұлғалық тұрғыдан өсуіне жәрдемдеседі.

Еліміздегі етек алып тұрған жастар мен жасөспірімдер арасындағы суицид көріністері проблеманың алдын алудың рөлін арттырады. Ал, біздің пікірімізше, мұның өзі арт-педагогикалық және арт-терапевтік қызмет көрсету арқылы әбден іске асырыла алады, яғни, мұқтаж адамдарға өнермен кең түрде психологиялық-педагогикалық тұрғыдан – арт-әдістерді (сурет қана емес, сонымен бірге сөз, қозғалыс, музыка, дыбыстар, ағаш пен сазбалшық сынды табиғи материалдармен жұмыс) қолдану арқылы емдік әсер ету.

Сондықтан да, біздің ойымызша, бұл әдістерге жалпылама тән нәрсе – олардың жасырын мазмұны тұлғаның нағыз шынайы бағытын айқындап, қоршаған ортамен, өзімен субъективті қарым-қатынасын диагностикалауға және оның бейсаналық құрылымдарына ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Солай бола тұрса да тұлға қызметі мен мінез-құлқындағы негативті құбылыстар мен суицидтік көріністердің алдын алуда арт-терапия мен арт-педагогика әлі де өзіне тиісті орын ала алмай отыр. Өкінішке орай мұндай жағдай Қазақстанға да тән. Сондықтан да, біз арт-педагогикалық және арт-терапиялық қызметтің Қазақстан Республикасындағы даму үрдісін болжай отырып, бұл сфераның психологиялық қолдау мен жәрдем көрсетудегі перспективаларын белгілеуді қажет деп таптық.

## Зерттеу әдіснамасы мен әдістері

Теориялық әдістер: педагогикалық құбылыстар мен оқиғаларды тарихи талдау әдісі, негізгі мәселенің қолданылуын талдау және сипаттау, зерттеліп отырған мәселенің себеп-салдарын талдау әдісі.

*Арт-педагогикалық және арт-терапиялық қызметтің даму үрдісіне белгіленген тұғырлар негізінде болжамдар жасау және дерек көздеріне шолу:*

Музыкалық, би-қимылдық немесе драмалық терапия пациенттердің шығармашылық белсенділігін тірек модалдылық ретінде олардың біріне сүйене отырып емдік-профилактикалық фактор ретінде пайдаланылады. Сондықтан да көптеген елдерде осылардың бірін қолдана отырып жәрдем бере алатын арт-терапевтер, музыкалық терапевтер, би терапевтері, драматерапевтер және т.б. мамандар бар. Экспрессивті көркемөнер түрлерімен емдейтін интермодалды терапия түрлері де бар. Мәселен Ресейде М.Е. Бурно [1] қолданып жүрген шығармашылық белсенділіктің бірнеше түрін араластырып пациенттің өзін-өзі айқындауына көмектесетін терапия түрі дәл осы бағытқа жатады.

Бірқатар елдерде (АҚШ, Ұлыбритания және т.б.) өнермен емдеудің түрлі креативтік формалары екі жылдан кем емес уақытқа есептелген арнайы кәсіби дайындықты (магистрлік) қажет ететін дербес парамедициналық мамандық ретінде қарастырылады. Мұндай бағдарламаларды өту – өнер, педагогика, психология, медицина немесе әлеуметтік жұмыс сынды түрлі базалық салалардан білімі бар (бакалавр деңгейінен кем емес) адамдарға өнер негізіндегі кешенді шеберліктері мен дағдыларын түрлі әлеуметтік топтарға психологиялық және психосоциальдық көмек көрсетуде пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге Қазақстан, Ресей сияқты өнер терапиясы дербес мамандық статусын иемденбеген елдер де бар [2]. Бұл елдерде өнер терапиясы түрлері психолог, дәрігер-психотерапевт және тағы да басқа мамандар сәйкесінше бағдарламаларды өз бетімен қосымша білім алу салаларында меңгеретін психологиялық қосымша көмек әдістері ретінде ғана қарастырылады.

Педагогика мен көркем өнердің тоғысында дамып отырған арт-педагогикада акцент тек көркемөнерлік мәдениетті дамытып, көркемөнерлік іс-әрекеттің әр түрінде қолданбалы шеберліктерді табысты игеру жолдарын табуға

ғана қойылмайды, сонымен бірге, ішкі өзіндік тәжірибе, өзіндік эмоциялық бастан кешіру, шығармашылық процеске тікелей қатысу арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарға ортақтасуды мақсат етеді.

Соңғы онжылдықтардағы басылымдарға талдау жасау – Қазақстан мен Ресейде (М.В. Азорская, В.Г. Анисимов, А.Б. Айтбаева, Ж. Джанабаева, Б. Талқамбаев, М. Кузубова, Р.А. Верховодова, Т.К. Донская, Г.А. Касен, М.В. Катренко, И.Ю. Кульчицкая, Л.Д. Лебедева, А.А. Момбек, З. Абишева, Т.М. Султанова, А. Соколова, Ж.Н. Шайгозова, Н.Ю. Шумакова, Е.А. Федоринова және т.б.). өнер әлеуетін кәсіби тұрғыда қолдану мүмкіндіктеріне деген қызығушылықтың елеулі дәрежеде артқандығын көрсетеді.

Мамандардың практикалық қызметінде де арт-педагогикалық құралдарды сан түрлі міндеттерді шешуде кеңінен қолданатындығы байқалады:

- оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру (З. Абишева, А.Г. Кузнецова, А.Ю. Сметанина, Е.В. Таранова);
- оқушылардың девианттық мінез-құлықтарының алдын алу (Г.А. Касен, Л.С. Картушина);
- ерекше білімдік қажеттіліктері бар балалармен коррекциялық жұмыс (А.Б. Айтбаева, Т.Г. Наретина, Т.В. Туманова, С.Н. Щербак);
- жетім балаларда отбасылық құндылықтарды қалыптастыру (З.М. Садвакасова, Р.Б. Уленгова);
- студенттерді дене мәдениетіне баулу (М.В. Катренко, К.М. Смышев, Н.Ю. Шумакова);
- жоғары оқу орындарындағы оқу процесін ізгілендіру (Ж.Н. Шайгозова, М. Султанова, Н.Ю. Сергеева, Е.А. Федоринова);
- балаларды музыкалық тұрғыдан дамыту (А.А. Момбек, Е.В. Мартынова);
- қабілетті балаларды қолдау (Қ. Жұмабекова, И.А. Бадюгина) және т.б.

Ерекше айтып кетуге тұратын мәселе – «Арт-білім» кешенді пәні [3]. Бұл Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жүргізіліп отырған гуманитарлық білім берудің айрықша бағыты. Бұл пән пәнаралық инновациялық компонент ретінде мықты әлеуетке ие. Себебі, бұл пәннің енгізілуі белгілі бір дәрежеде халықаралық стандарттарға сәйкес талаптар мен құзыреттіліктерді игеруге мүмкіндік беретін білімдер мен шеберліктер жиынтығын меңгертеді.

Қазіргі күні қолданылып жүрген «арт-терапевтік педагогика» (Л.А. Аметова-Давыдовская), «өнердің психопедагогикасы» (В.П. Ани-

симов), «арт-педагогикалық технологиялар» (Е.А. Федоринова), «арт-педагогикалық тұғыр» (О.С. Булатова) ұғымдарымен бірге күш алып келе жатқан жаңа бағыт арт-психотерапияны (арт-терапияның бір туынды бөлігі) да атап өтуге тиіспіз.

Арт-психотерапия психотерапевтік практика контексіндегі өнер туындыларын (прежде всего, изобразительной экспрессии клиента) қолдануға негізделген. Өнерді өзіндік емделу түрі ретінде ғана емес, сонымен бірге маманның психикалық және соматикалық сұраныстары бар клиентке жеке тұлғаға бағытталған психотерапиялық құрал ретінде пайдалануына негізделген.

Бірқатар авторлар (А.Ю. Сметанина, Т.А. Соколова, Е.В. Таранова және т.б.). арт-педагогиканы педагогиканың бөлек бір бағыты ретінде қарастыруды ұсынады.

Ал арт-педагогика болса дамып келе жатыр және оның жетілуінің перспективаларын төмендегіше сипаттауға болады:

1) білім беру кеңістігінде өнер мен көркемөнерлік қызметтің адамға әсер ету механизмдерін кешенді түрде сипаттау мен интерпретациялау;

2) өнер мен көркемөнерлік қызметтің кейбір жанрларының, түрлерінің, бағыттарының педагогикалық әлеуетін зерттеп, үйрену;

3) өнер мен көркемөнерлік қызметті пайдалана отырып педагогикалық процесті ұйымдастырудың теориялық негіздерін жасақтау;

4) арт-педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнын жобалау;

5) білім беру үрдісінде өнер мен көркемөнерлік қызметті вариативті түрде қолданудың әдістемелері мен технологияларын жасау.

Арт-педагогикалық қызмет барысында арнайы кәсіби-педагогикалық міндеттердің бір шоғы шешілер еді. Оларды жалпылама үш топқа бөліп көрсетуге болады:

1. Оқу-тәрбиелік материалдың мәнін айқындау. Бұл жағдайда көркемөнер құралдарының көмегімен педагог: білімдік мазмұнды түсіндіре, толықтыра, назар аударта, қызықтырақ ете алады; алынған ақпаратты бейнелік түрге аудару арқылы бекіте (құбылыстың мәнін тереңірек түсіну ақпаратты символдық деңгейге дейін қысқарту) алады және т.б.;

2. Педагогикалық ықпал етудің шарттарын оңтайландыру. Көркемөнер құралдары мұғалімге оқушылармен оқу-тәрбиелік өзара әрекетке психофизиологиялық және түрткілік дайындық мүмкіндігін береді; тақырыпқа тезірек кірігу үшін қажетті ерекше көңіл-күйді қамтамасыз етеді; оқушыларды бір темптен екіншісіне

аударып отырып, қызығушылықтарын белсендіреді; күрделі теориялық материалдан практикаға көшуге, бейнелі ойлауды «іске қосуға» көмектеседі; олардың психикалық мазасыздануларын төмендетіп, релаксациялық күйге енулеріне жағдай жасайды;

3. Оқу материалын игерудегі құндылық қарым-қатынастардың, түрткілер мен қағидалардың, мәнінің динамикасы мен сапасын жасырын диагностикалау. Атап өтетін нәрсе – арт-педагогикалық қызметтегі диагностиканың ерекшелігі оның аралық сипатында. Бұл педагогқа оқушыларға оның нәтижелерінің бір бөлігін ғана хабарлауына (оқушылардың сезімдері мен күйзелістерін жария етпеу үшін) мүмкіндік береді.

Білім беру процесінде арт-педагогикалық қызметтің функциялық мазмұнын түсіну – педагогқа арт-педагогикалық нәтижелердің түрі мен алыну диапозондарын болжауға мүмкіндік береді. Аталған функциялардың қатаң бөлінуі сөзсіз, тек теориялық елестету деңгейінде ғана мүмкін. Шынайы педагогикалық процесте арт-педагогикалық қызметтің түрлі функциялары өзара тығыз байланысты. Мұндай құбылыс көркемөнердің жартылай қызмет ету сипатымен түсіндіріледі. Өз кезегінде бұл арт-педагогикалық қызметтің көмегімен өте көп педагогикалық міндеттерді шешуге жол ашады.

Осылайша, арт-педагогикалық қызметтің маңызды ерекшелігі – оның икемділігінде және нақты шарттарға негізделген міндеттерінің ситуативтілігі мен арт-педагогикалық өзара бірлескен іс-әрекеттің алдын ала әзірленетіндігінде.

Арт-педагогиканың дамуы хақындағы болжамдарды негіздеуде біз 1927 жылы неміс психиатры А. Кронфельд өзінің «Психогогика, или Психотерапевтическое учение о воспитании» [4] атты мақаласында ұсынған педагогика мен психотерапияның бірлесе қызмет етуі қажеттігі туралы идеясына сүйендік.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай отырып, біз болжамдардың бірнеше түрін бөліп көрсетуді жөн көрдік.

Классикалық болжам: қазіргі заманғы арт-педагогиканың дамуы негізінде тигізетін әсері көркем шығармашылықпен тығыз байланысты экспрессиялы, коммуникациялы, символдық мәні бар арт-терапия жатыр (Кэроул Уэлсби [4]). Бұл тұғыр адам өз шығармасы туралы терең ойланбастан, кенеттен сурет салғанда, мүсіндегенде оның ішкі «Мені» көру бейнелерінде көрініс табады деген сенімге негізделген. Көркемөнер шығармашылығындағы бейнелер –

қорқыныштар, ішкі конфликтілер, балалық шақ естеліктері, түс көру сияқты бейсана үрдістерінің барлық түрлерін бейнелейді деп есептеледі. Оларды сөзбен сипаттау бала үшін қиындықтар тудыруы мүмкін. Сондықтан да көбінесе, қатты күйзелістерді айқындап бейнелеудің бірден бір мүмкіндігі дәл осы вербалды емес құралдар болып табылады.

Қолданбалы болжам: қолдануында арнайы дайындықты қажет етпейтін, орындаушының таланты мен жұмыстың көркемдік сапасы емес, тек қана шығармашылықтың өзіндік процесі мен адамның ішкі әлемінің ерекшелігі мен емдік күші маңызды болып табылатын көркемдік-қолданбалы сипаттағы түрлі қызметтер (сурет салу, мүсіндеу, ағашқа күйдіріп сурет салу, матадан, теріден, табиғи материалдардан және т.б. заттар жасау) алдағы уақытта өз дамуын күшейтеді (Грехова А.В., Кокоренко В.Л., Сьюзан Коган және т.б.).

Педагогикалық болжам: білім беру саласында арт-терапевтер рөлінің артуы (Копытин А.И., Корженко О.М., Сергеева Н.Ю., Гришина А.В., Алексеева М.Ю. және т.б.). Олар жалпы білім беретін және арнайы мектептерде, көбінесе, мінез-құлықтық, эмоциялық бұзылыстары бар және үлгерімі нашар балалармен жұмыс жасайды [5].

Психологиялық болжам: визуалдық және пластикалық экспрессия «тілінің» дамуы және жетілдірілуі (Остер Дж., Бурно М.Е., Мухина В.С., Леонтьев А.А., Буякас Т.М. және т.б.), яғни сурет көркемөнер емес, сөйлеу болып табылады, бұл – шынайы нысандарды көркемөнерлік символдармен алмастыру бойынша өзіндік экспери-

мент. Осылайша тұлғаның өзін-өзі бейнелеуіне деген сұраныстары іске асырылады.

### Нәтижелер мен талқылау

